Әділет

## Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаудың кейбір мәселелері

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 сәуірде № 7591 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2014.08.15 № 511 ( 01.01.2015 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қылмыстық-атқару инспекцияларының жұмысын Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастыру мақсатында, "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасын басшылыққа алып , **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде тағайындалған айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасы;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау қағидасы;

3) Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасы;

4) Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасы;

5) Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, Мемлекеттік наградаларды алып қою қағидасы;

6) Осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық;

7) Осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес, Жаза өтеуден жалтарғандарға, жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде келмегендерге, тұрғылықты жерін,

жұмыс немесе оқу орындарын өз бетінше тастап кеткендерге қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізуді жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М.Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің, облыстар және Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бастықтары қылмыстық-атқару инспекцияларының, әкімшілік, тергеу, криминалдық және көші-қон полициясы бөліністері қызметкерлерінің осы Қағиданы зерделеуін ұйымдастырсын және талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-майор А.Ж.Күреңбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне ( Б.М.Бердалин) жүктелсін.

6. 2012 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*полиция генерал-лейтенанты Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 14 наурыздағы
№ 141 бұйрығына
1-қосымша

**Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде тағайындалған айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу**

**немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде тағайындалған айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 24-бабына сәйкес әзірленді және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібін белгілейді.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі, қаулысы, ұйғарымы (бұдан әрі – үкім) негізінде жүргізіледі.

3. Облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі – Инспекциялар) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын органдар болып табылады.

4. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау кезінде аумақтық Инспекциялар:

1) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

2) сот үкімі келіп түскен күннен бастап бір тәулік мерзімде (демалыс және мейрам күндерін есептемегенде) сотталғандардың деректерін ақпараттық деректер базасына енгізіп, есепке алуды жүзеге асырады, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда олардың түзетуін уақытылы жүргізеді;

3) ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ІІО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің (бұдан әрі – ҚСжАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша сотталған адамдарды тексеруді жүзеге асырады;

4) тоқсан сайын кемінде бір рет (қала және аудан орталығында айына кемінде бір рет) тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша сотталғандармен профилактикалық жұмыс (әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыс жасауды, жазаны өтеу жағдайларын бұзуды болдырмау туралы әңгіме) жүргізеді;

5) тоқсан сайын орындауға келіп түскен үкімдер бойынша сотпен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

6) тоқсан сайын ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларымен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

7) іздестірудегі сотталғандардың тізімі бойынша аумақтық жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

8) шығарылған және есептен алынған күзет карточкалары бойынша көші-қон полиция бөліністерімен тоқсан сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

9) учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың хабардар болуын арттыру үшін Инспекцияның есебіне алынған сотталған адамдардың тізімін ай сайын қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бөліністеріне жолдайды;

10) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталған адамдардың, оның ішінде шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының шегінен тыс заңсыз шығу фактілерінің жолын кесу мақсатында, ай сайын есепке алынғандардың және есептен шығарылғандардың тізімдерін көші-қон полициясы бөліністеріне жолдайды;

11) орналасқан жері белгісіз есепте алынған адамдарды іздестіру бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді;

12) жеке істердің сақталуына дербес жауаптылықта болады;

13) сотталғандарды есептен шығарады;

14) құжаттармен мынадай операциялар:

кіріс және шығыс хат-хабар құжаттарын тіркеуді;

құжаттардың орындалуын бақылауды;

құжаттардың жедел сақталуы мен пайдалануын;

ведомстволық мұрағатқа құжаттарды сақтауға беруді жүргізеді;

15) мөр және мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе өртке төзімді металл шкафтарда сақталады.

## 2. Сотталғандарды Инспекция есебіне алу тәртібі

5. Инспекция үкімді орындауға алған кезде:

1) үкімнің көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал одан кейін сотталған адамның деректерін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қандай да бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға сотталғандардың арнайы нөмірленіп, бауланып, мөр басылған есеп журналына осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізеді. Осындай тәртіпте сотталған адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа Инспекциялардан және түзеу мекемелерінен келіп түскен жеке істер тіркеледі.

Үкімдерде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кездескен жағдайда, оларды сотталғандарды есепке алу журналына тіркемей сотқа қайтарады;

2) сотталғанды есепке алған кезден бастап бір тәулік мерзімде:

үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;

осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырады, оны Инспекцияның тиісті картотекасына салады;

сотталғанның тұрғылықты жерін өзгерткендігі туралы осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанды тіркеу есебінен шығаруды және Инспекцияны хабарлауды бақылауға алу үшін күзет карточкасын толтырады және көші-қон полициясы бөліністеріне тапсырады, екінші данасы картотекаға салынады;

үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін, осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанға қосымша жеке іс бастайды.

6. Жеке істердің және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сотталғандарды есепке алу журналына тіркелген үкімнің нөміріне сәйкес болуы тиіс.

7. Жеке істер және картотекалар жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыппен жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады.

8. Сотталған адамның жеке істері екі бөлімнен тұрады:

бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (үкім, ұйғарым, қаулы, заңды күшіне енгендігі туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, хабарлар, тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушінің белгі қоятын жеке парағы тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау барысын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық материалдар тігіледі. Барлық құжаттар

хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп тізімдемеге енгізілуі тиіс.

9. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Инспекция Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы БП бұйрығы) бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың ережелеріне 5-қосымшаға сәйкес, сотталған туралы хабарлама толтырады, ал басқа облыстың соты соттаған адамдарға Қазақстан Республикасы БП бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын және сотталған туралы бір хабарлама толтырады, олар ілеспе хатпен қоса ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармасына жолданады, ілеспе хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

10. Сотталған жазадан босатылған немесе оған қатысты үкім өзгертілген жағдайда, сонымен қатар осы Қағиданың 33-тармағымен көзделген негіздер бойынша есептен шығарылғанда, Инспекция тиісті құжатты қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің өзгертілгендігі туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің екінші бөліміне тігіледі.

11. Инспекция сотталғанды тұрғылықты жері бойынша есепке қойғаннан кейін оны әңгімелесуге шақырады, әңгіме барысында оған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары, сонымен қатар бақылаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғанға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады. Әңгіме өткізілгеннен кейін әңгімелесу анықтамасы толтырылады және осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғаннан қолхат алынып, ол сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

Егер сотталған он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін әскери қызметін өтемесе және мерзімді әскери қызметке шақырылатын болса, Инспекция жергілікті әскери басқару органына осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды.

## 3. Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде тағайындалған айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу

**немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру тәртібі**

12. Сот үкімінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Инспекция күнтізбелік үш күн ішінде:

1) сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымның әкімшілігіне сот үкімінің көшірмесін және хабарлама жолдайды;

2) белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсат берудің күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісін және осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынымхат жолдайды. Жасалған қылмыстың (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану қауіпсіздігіне қарсы және тағы басқа ) сипаты мен іс-әрекеттің тыйым салынған түріне қарай Инспекция аталған құжаттарды белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құжат беруді белгілейтін органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған ортаны қорғау қоғамы және тағы басқа) жолдайды.

13. Белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар сот үкіміндегі талаптарды орындауы, Инспекцияның талап етуі бойынша жаза өтеуге байланысты құжаттарды ұсынуы, инспекцияға жұмыс орны және тұрғылықты жері, оны өзгерткендігі, жұмыстан босатылғандығы туралы хабарлауы, сондай-ақ Инспекцияның шақыруы бойынша келуі тиіс. Келмеген жағдайда мәжбүрлеп келтірілуі мүмкін.

14. Орналасқан жері күнтізбелік үш күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған жазаны өтеуден жалтарған деп танылады.

15. Негізгі және қосымша жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны, сондай-ақ түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, шартты соттау, сондай-ақ, олар босап шыққаннан кейін бас бостандығынан айыруға қосымша ретінде тағайындалған қосымша жазаларды тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

16. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылған сотталғандарға қатысты, түзеу мекемесінің әкімшілігі алдын ала Инспекцияға сотталғанды жібергендігі туралы хабарлама мен сот қаулысын жолдайды.

Оны босатқан кезде, оған маршрут көрсетіле отырып, жазаны атқару орны туралы және есепке қою үшін Инспекцияға жету уақыты туралы нұсқама береді.

Нұсқамада міндетті түрде соттың тағайындаған қосымша жазалау шарасы көрсетіледі.

17. Сотталғанның лауазымынан босатылғандығы немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылғандығы, сондай-ақ тыйым салынған қызметпен айналысуға құқық беретін құжаттарға рұқсат беруді жою немесе алып қою туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп хабарлама, осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылған сотталғандарды тіркеу журналына тиісті белгі қойылғаннан кейін сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

18. Инспекция сотталғанды есепке қойғаннан кейін, бір ай ішінде оны жұмыс орны бойынша, ұйым әкімшілігінің оның құқығынан айырылған белгілі бір лауазымды атқаруы немесе белгілі бір қызметпен айналысуы бойынша сотталғанмен еңбек келісім-шартын өзгерткендігін немесе тоқтатқандығын (егер сотталған бұл ұйымнан босап кетпесе), келісім-шарт қандай лауазым (қызмет) бойынша жасалғандығын, сондай-ақ тиісті органның сотталғанға тыйым салынған қызметпен айналысу құқығын тоқтатқандығын тексереді. Тексеру жүргізу нәтижелері туралы осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада белгілі бір қызмет атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру актісі жасалады. Бірінші дана ұйымда қалдырылады, екінші дана кәсіпорын әкімшілігінің танысқандығы жөніндегі белгімен Инспекцияда сақталады.

19. Сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған жағдайда Инспекция сотталғанның босатылғандығы туралы хабарлама алған кезден бастап бір ай мерзімде:

1) сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;

2) жаңа жұмыс орны бойынша осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды;

3) сотталғанды жаңа жұмыс орны бойынша тексереді және оның қызметін анықтайды. Сотталғанды жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және есепке алу журналына белгі қойылады.

20. Егер билік өкілдері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының және мемлекеттік ұйымдардың қызметшілері соттың заңды күшіне енген үкімін, шешімін немесе өзге де белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы соттың актілерін орындамаған жағдайда, осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инспекция олардың атына ұсыным жолдайды.

21. Сотталғаннан сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, Инспекция онымен жеке әңгіме жүргізеді, түсініктеме алады және оған тыйым салынған қызмет атқарған немесе тыйым салынған қызметпен айналысқан

уақыттың жаза мерзіміне есептелмейтіндігін түсіндіреді. Жүргізілген әңгіме туралы анықтама және сотталғанның түсініктемесі жеке ісіне тігіледі.

22. Егер билік өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының және мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, Инспекцияның ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаса, Инспекцияның сот үкімін орындау жөніндегі бірнеше рет жасаған талаптарын елемесе, ұзаққа созса, өзге де әрекетке немесе әрекетсіздікке жол берсе, Инспекция қылмыстық істі қозғау туралы жөніндегі шешу үшін ІІО тергеу бөліністеріне материалдарды жолдайды.

23. Бақылауды жүзеге асыру мақсатында Инспекция кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігі мен сотталғанның сот үкімін орындау барысын тексереді, бұл жөнінде есепке алу журналында тиісті белгі қойылады.

24. Сотталғандар әскери немесе балама азаматтық қызметке шақырылған немесе кірген жағдайда, Инспекция жергілікті әскери басқару органына немесе сотталғанның қызмет өткеру орнына қызмет өткеру барысында аталған жазаны орындау үшін сот үкімінің көшірмесін жолдайды. Ілеспе хатта сотталғанның өтеген жаза мерзімі, сондай-ақ сотталғанның қызмет өткеруі аяқталған кезде жаза мерзімі аяқталмаған жағдайда, әскери бөлім қолбасшылығы сотталғанның қызмет өткеру мерзімінің аяқталғандығы туралы хабарлама мен сот үкімінің көшірмесін оның кеткен жері бойынша Инспекцияға жолдайтындығы көрсетіледі.

25. Айыппұлға, бас бостандығын шектеуге, қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тартуға, сондай-ақ шартты түрде соттауға қосымша жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі, егер жазаның қосымша түрін орындау кейінге қалдырылмаса, сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі.

26. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға қосымша ретінде тағайындалған кезде, ол көрсетілген негізгі жаза түрінің барлық уақытын өтеу кезіне қолданылады, бұл ретте оның мерзімі оны өтеу мерзімінен бастап есептеледі.

27. Негізгі жаза ретінде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту, сондай-ақ шартты соттау кезіндегі жазаның атқарылуын ұйымдастыру осы Қағида талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Жаза мерзімі аяқталған кезде сотталған есептен шығарылады.

## 4. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты жазаларды орындауды ұйымдастыру тәртібі

29. Аумақтық Инспекция қызметкерлері:

1) кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жеке профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ескерту мақсатында, олардың арасындағы құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

30. Инспекция:

1) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен алғашқы профилактикалық әңгімелер жүргізеді;

қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны өтеу шарттарын және тәртіптерін түсіндіреді;

кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ете алатын адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылайды.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың жеке ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу-анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы болуы тиіс;

2) кәмелетке толмағанды есепке қойған күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрғанның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты) хабарлайды, осы Қағидаға 17, 18 -қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және сотталғанның жаза өтеуден жалтарауына мүмкіндік туғызған себептер мен

жағдайларды анықтау үшін тез арада ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдар шақыртады.

31. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекенжайына, оқу немесе жұмыс орнына барады, ата-анасын немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен онымен профилактикалық сипаттағы әңгімелесу өткізеді;

2) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін, кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе оларды ауыстыратын адамдарды, сондай-ақ басқа адамдарды шақырады және олардан, сондай-ақ кәмелетке толмағаннан түсініктеме талап етеді;

3) ата-аналарының кәмелетке толмағандармен бірге спирттік ішімдіктер ішу жөніндегі фактілері анықталса, егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Инспекция ІІО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарлама жолдайды, хабарламаның көшірмесін сотталғанның жеке ісіне тігеді;

4) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ жеке ісіне қоса тігу үшін қажетті ақпараттарды сұратады.

32. Сотталған 18 жасқа толған кезде үлкендердің санатына ауыстырылады.

## 5. Инспекция есебінен шығару тәртібі

33. Сотталғанды Инспекция есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттары:

1) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

2) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

3) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енген өкімімен қоса сот үкімі;

4) аумақтық әділет органының сотталғанның қайтыс болғандығы туралы анықтамасы;

5) жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталғанның жеке істері алынғандығы және Инспекцияға есепке қойылғандығы туралы хабарлама;

6) сотталғанның келгендігі және есепке қойылғандығы жөнінде әскери бөлімнің хабарламасы болып табылады.

34. Сотталғанды есептен шығару күні Инспекция осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІІО бөліністеріне, сондай-ақ осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шынайы әскери қызметке шақырылуға жататын адамға

қатысты жергілікті әскери басқарма органына хабарлама жолданады.

35. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі жөнінде сотталғандарды есепке алу журналында және жеке ісінде белгі жасалады.

36. Жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа тұрғылықты жері бойынша хабарлама жолданады. Егер Инспекцияның тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орындау үшін жолданады.

37. Инспекция бастығының қолы қойылып, мөрмен расталған жеке істер тапсырыс пошта арқылы сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекцияның сұрау хаты бойынша жолданады. Сотталғандардың жаза өтеуінің жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекция жеке істерді алғандығы жөнінде құжат жолдаған Инспекцияға тез арада растау жолдайды.

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 1-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

_________________ төрағасы

(соттың атауы)

__________________________

(тегі, аты-жөні)

20___ жылғы "____"________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша ___________________**

**(аудан, қала)**

**қылмыстық-атқару инспекциясына орындауға келіп түскен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандардың үкімдерін САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| | Сотталғанның тегі, аты-жөні, | | | | Үкімнің заңды | | Соттың үкімді | Үкімнің Инспекцияға | Ескерт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Рет № | туған күні мен жылы | ҚР ҚК-нің бабы | Үкімді шығарған күні | Жазалау шарасы | күшіне енген күні | Есептен шығару күні | Инспекцияға жолдаған күні | келіп түскен күні | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

_______________________ кеңсесінің басшысы
(соттың атауы)
_________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)
_________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 2-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН
_____________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бастығы _____________
(тегі, аты-жөні)
20___ жылғы "____"___________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған хабарламалар мен Н-1 алфавиттік есепке алу карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Рет. № | Тегі, аты-жөні | Туған күні мен жылы | Қашан және қандай сотпен сотталған | Хабарламалар мен карточканың келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

**Салыстыра тексеру актісін құрастырған:**

______________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бөлімінің прокуроры

_________________________ _____________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "___"_________

________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)

_________________________ _____________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "___"_________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 3-қосымша

Нысан

## 20__ жылдың _____ ішіндегі іздестірудегі сотталған адамдар бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруде тұрған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіру жарияланған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруден алынған сотталған адамдардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Салыстыра тексеру жүргізгендер:**

__________________________

(органның атауы)

___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) ___________________________ ____________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
________________________________________ бастығы (жедел іздестіру бөлінісінің атауы)
______________________________________ ____________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 4-қосымша
Нысан

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған күзет карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Есеп беру кезеңінің соңында Инспекциясының есебінде тұрғандардың саны | Құжаттандыру және тіркеу бөлімінде шығарылған күзет карточкаларының саны | 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша есептен шығарылған сотталғандардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Салыстыра тексеру жүргізгендер:**
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)
____________________________ ________________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
_________________________________________ бөлім (бөлімше) бастығы

(көші-қон полиция бөлінісінің атауы)
__________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 5-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
_____________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

## Белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылған сотталғандарды есепке алу ЖУРНАЛЫ

20__ жылғы "___"_________ басталды
20__ жылғы "___"_________ аяқталды
Сақтау мерзімі ________
(ішкі мазмұны)

| Рет. № | Есепке қойылған күні | Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы | жұмыс (оқу) орны , атқарып отырған лауазымы | Қашан, қай сот, қандай баппен соттады, үкімнің заңды күшіне енген күні | Қандай қызмет түрімен айналысуға тыйым салынды (қызметтің қай түрімен шұғылдануға болмайды, қай мерзімге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Тыйым салынған қызметпен айналысу бойынша рұқсаттың күшін жоятын құқығы бар әкімшіліктің немесе органның | Тыйым салынған қызметпен айналысу бойынша рұқсаттың күшін жоятын құқығы бар әкімшіліктерден, ұйымдардан | Үкімінің орындалуына бақылау жасау бойынша өткізілген шаралардың атауы | Жазаның мерзімі аяқталу күні | Есептен шығару күні мен негіздемесі |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| атына хабарлама жіберілген күн | немесе органдардан хабарлама келіп түскен күн | және оларды өткізген күндер | | |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 6-қосымша
Нысан

**сот шешімін орындауға қабылдау туралы**
**ХАБАРЛАМА**

______________________________
(сот атауы,
______________________________
оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің ____________________ бабы бойынша сотталған ____________________________________________________________
(тегі, аты-жөні және туған жылы)
___________________________________ сотының "____"_________ 20__ жылғы үкімнің көшірмесі 20__ жылғы "___"__________ алынғанын және атқаруға қабылданғанын хабарлаймыз

Сотталған ______________________________ мінез-құлқы бақылауға қойылды
___________________________
(орган атауы)
_________________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__жылғы "___" __________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын

шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 7-қосымша
Нысан

## БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы ____________________________________________
(күні, жаза түрі)
Тегі, аты-жөні ________________________________________________
Есепке алынды _______________________________________________
Жеке іс № ___________________________________________________
Карточканы толтырған _______________________________________
________________________________
(орган атауы)
_______________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__жылғы "___" __________
Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 8-қосымша
Нысан

## КҮЗЕТ КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы 20__ жылғы "___"_____________________________
Жаза мерзімінің өзгеруі туралы белгі ________________________________
_____________________________________________________________
_____________________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы және жері, тұрғылықты жері)

20__ жылғы "___"__________ сотталды.
______________________________________________________________________
(сот атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______ бабына сәйкес __________________
______________________________________________________________________
(бас бостандығын шектеу мерзімі)

Сотталғанның тұрғылықты жерінің тіркелу есебінен шығару бойынша өтінген кезде тез арада Инспекцияға ____________________ мына телефон
(инспекция атауы)
___________ арқылы хабарлансын.

20_ жылғы "___"__________ тіркелу есебінен шығарылды
20_ жылғы "___"__________ Инспекцияға хабарланды

___________________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
____________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 9-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
__________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

**Белгілі бір қызметті атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға тыйым салынған сотталғандардың**
**ЖЕКЕ ІСІ № _____**

Тегі, аты-жөні ________________________________________________
Туған жылы, туған жері _____________________________________________

20_ жылғы "__"_______ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша __ ________ мерзімге сотталды
20_ жылғы "__"__________ есепке алынды
20_ жылғы "__"______ есептен шығарылды
Істегі парақтар саны: _______________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 10-қосымша

Нысан

## ҚОЛХАТ

Мен, ___________________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы,
_____________________________________________________________________
тұрғылықты жері, телефоны)
20__ жылғы "___"_____________________________________________ сотымен
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______________ бойынша ________________
(жаза мерзімі)
бас бостандығын шектеуге сотталдым.

Жазаны өтеу тәртібімен таныстым және міндеттенемін: сот үкімінің талаптарын орындауға, көрсетілген жазаны орындауға байланысты Инспекцияның талап еткен құжаттарды әкелуге; жүктеген міндеттерді орындауға, Инспекцияға жұмыс орнымды және тұрғылықты жерімді ауыстырғаным және оны өзгерту, жұмыс орнынан шығарылғаным туралы, сондай-ақ Инспекцияның шақыруына келуге міндеттенемін.

Инспекция бақылауынан жасырынғаны үшін жауапкершілікке тартылатыным жөнінде ескертілдім.

20___жылғы "___"________ _________________________
(сотталғанның қолы)

Қолхатты алған
________________________

(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
__________________________ ______________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 11-қосымша
Нысан
Әскери басқару жергілікті орган
___________________________
___________________________
(ӘБЖО атауы)

## ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын __________________________________________
(тегі, аты-жөні)
19_ жылғы "____"_________ туылған, тұрғылықты жері __________________
______________________________________________________________________
20_ жылғы "__"__________ сотталған ____________________________________________________________
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ___________________________ бабы бойынша
______________________________________________________________________
(түрі және жаза мерзімі)
Инспекция есебінен шығарылғаны қосымша хабарланады.
_________________________
(орган атауы)
__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 12-қосымша
Нысан

___________________________________
(басшының қызметі, ұйым, мекенжайы)

## Хабарлама

___________________________________________ қылмыстық-атқару
(қалалық, аудандық ішкі істер органдары атауы)
инспекциясы 20__ ж ____________________________________________
Қазақстан Республикасы ҚК-ның _______________________ бабы бойынша
_______________________________________________________________
(қандай қызметпен және құқығынан айыруға
_______________________________________________________________
сотталған іс-әрекеттің шұғылдануға тыйым салынғаны көрсетіледі)
азамат(ша) ______________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы)
____________________________________________ жұмыс істейді,
(қызметі, жұмыс орны)
_____________________________ соты үкімінің көшірмесін жолдайды
(соттың атауы)

Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 25-бабына сәйкес сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігіне мынадай міндеттер жүктеледі:

сот үкімінің көшірмесін немесе Инспекцияның хабарламасын алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей сотталғанды оның атқару немесе шұғылдану құқығына тыйым салынған қызметтен немесе іс-әрекет түрінен босатсын;

Инспекцияға сот үкімі талаптарын орындау туралы хабарлама жолдасын;

Инспекцияның талап етуі бойынша жазаны атқарумен байланысты құжаттарды ұсынсын;

сотталғанмен еңбек шарты өзгертілген немесе тоқтатылған жағдайларда 3 күн мерзімде бұл туралы Инспекцияға хабарлайтын болсын.

Ұйым әкімшілігі үшін үкім талаптары міндетті. Бұл талаптарды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы ҚК-ның 362-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік тартады.

Қосымша: үкімнің көшірмесі ______ бетте.

_________________________

(орган атауы)

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_________________________ _______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

М.О.

___________________________ кесу талоны______________________________

(толтырылсын және сотталған атқаратын қызметінен босатылғаннан кейін үш күн мерзімде жіберілсін)

20__жылғы_______ № _________

_____________________________________ Қылмыстық-атқару инспекциясына

Азамат(ша) 20__ жылғы________________________________ соты Қазақстан Республикасы ҚК-ның ___ бабы бойынша _____________________ сотталған. 20__ жылғы ____ № __________ бұйрықпен тыйым салынған лауазымнан (қызметтен) босатылды және қазіргі кезде ____________________________________________________________ атқарады,

(жаңа қызметі көрсетілсін)

бұл жайында еңбек кітапшасына тиісті жазба жасалды.

20__ жылғы ________________________________________________________

(қызметі, тегі, қолы)

М.О.

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 13-қосымша

Нысан

______________________________ бастығына

(белгілі бір қызмет түрімен айналысуға

рұқсат беретін және күшін жоятын орган атауы көрсетіледі)

**Рұқсаттың күшін жою туралы ұсыным**

_____________________________________________________ үкіміне сәйкес
(соттың атауы)
20__ жылғы "__"_____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша азамат(ша) _________________________________________________________
(қандай қызметтер атқаруға немесе қандай іс-әрекетпен _____________________________________________________ тыйым салынды.
шұғылдануға тыйым салынғаны көрсетіледі)

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 26-бабына сәйкес, Сіз қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтарып және күшін жоюыңыз керек ________________________________________________
(қызмет түрі көрсетіледі)
азамат(ша)_________________________________________________________
(аты-жөні)
және жазаның мерзімі аяқталмайынша жаңа рұқсат бермеуіңізді сұраймын.

Сот үкімі орындалмаса жауапты адамдар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 362 -бабы бойынша жауапқа тартылады.

________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
__________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 14-қосымша
Нысан

**Белгілі бір қызметті атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру АКТІСІ**

______ қаласы 20__ жылғы "___"_________

_______________________________________________________________________

(тегі, лауазымы тексерген адамның)

Төмендегі адамдардың қатысуымен осы актіні жасадым

1. ____________________________________________________________

(лауазымы, тегі, тексеріліп отырған

2. ____________________________________________________________

мекемеден, ұйымнан қатысушылар)

_______________________________________________________________________

(мекеме, ұйым атауы)

________ адаммен өтеп жатқан белгілі бір қызметпен айналысу және белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға тыйым салу үкімдердің орындалуын тексерді.

1. ____________________________________________________________

(аты-жөні)

2. ____________________________________________________________

3. ____________________________________________________________

4. ____________________________________________________________

Тексеруде:

_______________________________________________________________________

(тексеріс кезіндегі атқарып отырған лауазымы, бұйрық нөмірі, атқарып

_______________________________________________________________________

отырған лауазымынан босатылған күні, еңбек кітапшасына енгізілген

_______________________________________________________________________

жазба)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________ анықталды.

(Келесі беті)

Тексерумен анықталған кемшіліктерді жою мақсатында,

**ҰСЫНЫЛАДЫ**

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________

(орган атауы)

__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

___________________________ ________________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

__________________________________

(мекеме атауы)

_________________________ бастығы _________________________

(қолы)

20__жылғы ______________

Актінің көшірмесін алдым _________________________

(қолы)

Ескерту: Акт екі данада жасалады. Бірі мекемеде қалдырылады, екіншісі мекеменің танысу жазумен Инспекцияда сақталады.

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 15-қосымша

Нысан

__________________________________________

(ұйымның атауы)

__________________________________________

(басшының тегі, аты-жөні)

**Хабарлама**

__________________________________________________ үкіміне сәйкес

(соттың атауы)

азамат(ша) ____________________________________________________________

________________________________________________________________________

(лауазымы, жұмыс орны)

20_ жылғы "___"__________ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______ бабына сәйкес______ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кесілді және Қазақстан Республикасы ҚК-нің____ бабына сәйкес _____ жыл

_____________________________________________________________________

(жаза түрі көрсетілсін)

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, ___________________ барлық еңбек тәртіп бұзушылықтары және оған тәртіптік жаза қолданғаны туралы есепте тұрған ____________________ қылмыстық-атқару инспекциясын хабардар етуіңізді сұраймын.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(орган атауы)

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

______________________________ _______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сонымен қатар шартты түрде сотталған кезіндегі жазаны орындауды ұйымдастыру қағидасына 16 қосымша

Нысан

________________________________

(ұйымның, органның атауы,

________________________________

басшының тегі, аты-жөні)

**Ұсыным**

Үкімнің талабына сәйкес ________________________________________

(соттың атауы)

20__ жылғы__________ аз.____________________________________________

(сотталғанның аты-жөні)

қандай қызметтер атқаруға (қандай іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынған)____________________________________________________________

(қандай қызметтер атқаруға, қандай іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынғаны және қай мерзімге көрсетіледі)

нақты фактілері көрсетіледі)
үшін инспекцияға шақырдым.

Көрсетілгеннің негізінде және Қазақстан Республикасы ҚАК-ның 29, 42, 172, 184-баптарын басшылыққа алып, сотталған __________ сот жүктеген міндеттерін атқармауын жалғастырған немесе қайталап қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда оған осы жазаның күші жойылуы немесе ауыстырылуы мүмкін екендігі ескертілді.

__________________________

(орган атауы)

__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

__________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Осы ескерту маған жарияланды ______________________________

(сотталғанның қолы)

20__ жылғы "___"__________

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау қағидасына 17-қосымша

Нысан

____________________________ бастығына

(ІІО немесе қамқорлық жасау органына)

______________________________________

(тегі, аты жөні)

## ХАБАРЛАМА

Мына тұрғылықты жерде ______________________________________
20__ жылғы "___"________ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабы бойынша __________________________________________________________

(жаза түрі және мерзімі, сотталған туралы қосымша мәліметтер,

________________________________________________________________

сот жүктеген міндеттер, бұрынғы сотталғандығы және басқалар)

кәмелетке толмаған сотталған _________________________________ тұрады.
(тегі, аты-жөні)
Осыған байланысты, кәмелетке толмаған
______________________________________________________________________
(тегі, аты-жөні)
мінез-құлқы және онымен өткізілген тәрбие жұмысы жөнінде қылмыстық-атқару инспекциясын ақпараттандыруыңызды сұраймын

_________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
__________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау қағидасына 18-қосымша
Нысан

## АНЫҚТАМА

Азамат(ша)______________________________________________________
(тегі, аты-жөні)
20__ жылғы _____ _____________________________________________________
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК ___________ бабы бойынша ____________ сағат қоғамдық жұмыстарына сотталған инспекция есебінен 20___ жылғы _______ ________________________________________ шығарылғаны жөнінде берілді.
(есептен шығарылған негіздемесі көрсетілсін)

М.О.

_________________________
(орган атауы)
________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________
Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау

қағидасына 19-қосымша
Нысан
_____________________________бастығына
_______________________________________
(тегі, аты жөні)

## ХАБАРЛАМА

Азамат ____________________________________________________
(тегі, аты-жөні және туған жері)
________________________________________________________________
(тұрғылықты жері)
20__ жылғы "___"________ ________________________________________
(қай сотпен сотталған, жаза түрі)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабымен сотталған ҚАИ есебінен
_________________________________ шығарылды
(есептен шығару негіздемесі)

________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
__________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Қоғамдық жұмыстарға тарту
түріндегі жазаны орындау
қағидасына 20-қосымша
Нысан
Жергілікті әскери басқару органы

_________________________________
_________________________________
(ЖӘБО атауы)

## ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын______________________________________
(тегі, аты-жөні)
19_жылғы "___"______ туылған, мына жерде тұратын __________________
20_жылғы "___"_________ осыған байланысты қылмыстық-атқару инспекциясы
есебінен шығарылған

_______________________

(орган атауы)
________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ ________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 14 наурыздағы
№ 141 бұйрығына
3-қосымша

## Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҚАК) 36-бабына сәйкес әзірленді және түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібін белгілейді.

2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі, қаулысы, ұйғарымы (бұдан әрі - үкім) негізінде жүргізіледі.

3. Облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі - Инспекциялар) қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындайтын органдар болып табылады.

4. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау кезінде аумақтық Инспекциялар:

1) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

2) сотқа:

түзеу жұмыстарына сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату;

бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарғандарға қатысты

іздеу жариялау және бұлтартпау шарасын таңдау мәселесін қарай отырып, түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

қамауда ұсталған мерзімін есепке алу;

жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен алмастыру;

кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің жариялануы салдарынан жазадан босату немесе жаза түрін жеңілдету;

қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету мәселелерін шешу үшін ұсыным енгізеді;

3) сот үкімі келіп түскен күннен бастап бір тәулік мерзімде (демалыс және мейрам күндерін есептемегенде) сотталғандардың деректерін ақпараттық деректер базасына енгізіп, есепке алуды жүзеге асырады, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда олардың түзетуін уақытылы жүргізеді;

4) ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ІІО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің (бұдан әрі – ҚСжАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша сотталған адамдарды тексеруді жүзеге асырады;

5) тоқсан сайын кемінде бір рет (қала және аудан орталығында айына кемінде бір рет) тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша сотталғандармен профилактикалық жұмыс (әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыс жасауды, жазаны өтеу жағдайларын бұзуды болдырмау туралы әңгіме) жүргізеді;

6) тоқсан сайын орындауға келіп түскен үкімдер бойынша сотпен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

7) тоқсан сайын ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларымен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

8) іздестірудегі сотталғандардың тізімі бойынша аумақтық жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

9) шығарылған және есептен алынған күзет карточкалары бойынша көші-қон полиция бөліністерімен тоқсан сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

10) учаскелік полиция инспекторлардың хабардар болуын арттыру үшін Инспекцияның есебіне алынған сотталған адамдардың тізімін ай сайын қоғамдық

қауіпсіздікті сақтау бөліністеріне жолдайды;

11) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдардың, оның ішінде шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының шегінен тыс заңсыз шығу фактілерінің жолын кесу мақсатында, ай сайын есепке алынғандардың және есептен шығарылғандардың тізімдерін көші-қон полициясы бөліністеріне жолдайды;

12) орналасқан жері белгісіз есепте алынған адамдарды іздестіру бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді;

13) жеке істердің сақталуына дербес жауаптылықта болады;

14) сотталғандарды есептен шығарады;

15) құжаттармен мынадай операциялар:

кіріс және шығыс хат-хабар құжаттарын тіркеуді;

құжаттардың орындалуын бақылауды;

құжаттардың жедел сақталуы мен пайдалануын;

ведомстволық мұрағатқа құжаттарды сақтауға беруді жүргізеді;

16) мөр және мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе өртке төзімді металл шкафтарда сақталады.

## 2. Сотталғандарды Инспекция есебіне қоюды ұйымдастыру

5. Инспекция үкімді орындауға алған кезінде:

1) үкімнің көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал одан кейін сотталған адамның деректерін түзеу жұмыстарын өтеп жатқан сотталғандардың арнайы нөмірленіп, бауланып, мөр басылған есепке алу журналына осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізеді. Осындай тәртіпте сотталған адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа Инспекциялардан және түзеу мекемелерінен келіп түскен жеке істер тіркеледі.

Үкімнің көшірмелерінде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кездескен жағдайда, үкімді тез арада сотталғандарды есепке алу журналына тіркемей сотқа қайтарады;

2) сотталғанды есепке қойған кезден бастап бір тәулік мерзімде:

үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;

осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырады, оны Инспекцияның тиісті картотекасына салады;

сотталғанның тұрғылықты жерін өзгерткендігі туралы осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанды тіркеу есебінен шығаруды және

Инспекцияны хабарлауды бақылауға алу үшін күзет карточкасын толтырады және көші-қон полициясы бөліністеріне тапсырады, екінші данасы картотекаға салынады.

3) үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін қосымша түзеу жұмыстарына сотталғандарға - осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түзеу жұмыстарын өтеп жатқан сотталғанды есепке алу карточкасын толтырады, осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын және осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке іс бастайды.

6. Жеке істердің, есепке алу карточкасының және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сотталғандарды есепке алу журналына тіркелген үкімнің нөміріне сәйкес болуы тиіс.

7. Сотталған адамның жеке істері екі бөлімнен тұрады:

бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (үкім, ұйғарым, қаулы, заңды күшіне енгендігі туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушінің белгі қоятын жеке парағы тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау барысын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық материалдар, сонымен қатар тіркеу парағы тігіледі. Барлық құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп тізімдемеге енгізілуі тиіс.

8. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Инспекция Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы БП бұйрығы) бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың ережелеріне 5-қосымшаға сәйкес, сотталған туралы хабарлама толтырады, ал басқа облыстың соты соттаған адамдарға Қазақстан Республикасы БП бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын және сотталған туралы бір хабарлама толтырады, олар ілеспе хатпен қоса ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармасына жолданады, ілеспе хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

9. Сотталған жазадан босатылған немесе оған қатысты үкім өзгертілген жағдайда, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша есептен шығарылғанда, Инспекция тиісті құжатты қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің өзгертілгендігі туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің екінші бөліміне тігіледі.

10. Инспекция сотталғанды тұрғылықты жері бойынша есепке қойғаннан кейін оны әңгімелесуге шақырады, әңгіме барысында оған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары, сонымен қатар бақылаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғанға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады. Әңгіме өткізілгеннен кейін әңгімелесу анықтамасы толтырылады және осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғаннан қолхат алынып, ол сотталғанның жеке ісіне тігіледі .

11. Егер сотталған он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін әскери қызметін өтемесе және мерзімді әскери қызметке шақырылатын болса, Инспекция жергілікті әскери басқару органына осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды.

## 3. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі

12. Соттың тиісті өкімімен қоса үкімнің көшірмесі Инспекцияға келіп түскен күннен бастап он бес күндік мерзімнен кешіктірілмей түзеу жұмыстарына қатысты үкімдер орындауға жатады.

13. Түзеу мекемесінің әкімшілігі бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі түзеу жұмыстарына ауыстырлған сотталғанға есепке қою үшін бару бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына шығу туралы нұсқама береді.

14. Жұмысы жоқ сотталғандарға Инспекция жұмысқа орналастыру және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 15-тармағына сәйкес жұмыссыздар ретінде тіркеу қажеттілігін түсіндіреді.

15. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны сотталғандардың негізгі жұмыс орны бойынша Инспекция жүзеге асырады.

16. Түзеу жұмыстарына сотталған адамдардың құжаттарын ресімдеп, сотталғанның жұмыс орнын алдын ала нақтылап, Инспекция сол күні осы ұйымның әкімшілігіне хабарлама, ұйғарым және үкімнің көшірмесін осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды.

17. Инспекция тоқсан сайын ұйымдардан сотталғандарды көтермелеу және жазалау туралы мәліметтер алады.

Сотталғандарды басқа жұмысқа ауыстыру немесе босату кезінде жұмыс беруші күнтізбелік бес күн ішінде Инспекцияға хабарлайды.

Сотталғанды жұмыстан өз тілегі бойынша босату Инспекцияның рұқсатымен

жүзеге асырылады. Сотталғанға жұмыстан өз тілегі бойынша босатуға рұқсат басқа ұйымға жұмысқа орналасу туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, тұрғылықты жерін ауыстыру және еңбек қызметін әрі қарай жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін басқа да жағдайларда беріледі. Жұмыстан босатуға рұқсат беруден бас тарту дәлелденген болуы тиіс. Жұмыстан босатуға рұқсат беру туралы рұқсат немесе бас тарту Инспекциямен сотталған өтініш бергеннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қабылданады және осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады. Бас тарту туралы шешімге заңмен белгіленген тәртіпте шағымдануға болады.

18. Түзеу жұмыстарына сотталғандарға белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаны тағайындалған кезінде Инспекция әр жаза түрінің талаптарымен сәйкес іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

19. Түзеу жұмыстарына сотталғандар дербес есепке қоюдың мынадай түрлерінің: жедел, бақылау, іздестірудегілер есебінің бірінде тұрады.

20. Инспекцияның жедел есебінде мынадай:

еңбек ақысынан мемлекет кірісіне ұстап қалу жүргізілетін түзеу жұмыстарына сотталғандар;

қосымша және жыл сайынғы ақы төленетін демалыстарда жүргендер;

ауыр сырқатына, психикасының бұзылуына байланысты жазасын өтеу кейінге қалдырылғандар, сондай-ақ жазасын өтеу жүктілігіне байланысты кейінге қалдырылған сотталған әйелдер;

түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін, сонымен қатар ауыр сырқатына, психикасының бұзылуына немесе мүгедектігіне байланысты жазасын одан әрі өтеуден босату туралы соттарға мәлімдемелер енгізілген адамдар тұрады.

21. Бақылау есебінде есепке қойған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткенге дейін жұмысқа орналаспаған адамдар тұрады, олар:

жазасын өтеп жүрген уақытында бұрынғы жұмыс орнынан босатылған және жаңа жұмысқа орналаспаған немесе жұмыстан босатылған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде тіркеуде бола тұрып жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмегендер;

егер сырқаттану уақыты түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне есептелмесе, сырқатына байланысты жұмыс жасамайтындар;

Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тыс жерлерге кеткен, олар жөнінде жеке істерінің алынғаны туралы растау келіп түспегендер;

басқа қылмыс жасауына байланысты бұлтартпау шарасы тәртібінде қамауда отырғандар;

әкімшілік жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауда ұсталатындар;

маскүнемдіктен, есірткіқұмарлық пен уытқұмарлықтан ауруханада емделіп жатқандар.

22. Іздестірудегілер есебінде өздеріне қатысты іздестіру жариялау үшін материалдары сотқа берілген адамдар жатады.

23. Түзеу жұмыстарының мерзімі сотталған жұмыс істеген және соның ішінде оның еңбекақысын ұстап қалу жүргізілген жылдармен және айлармен есептеледі.

Сотталғанның жұмыс істеген күндерінің саны сот белгілеген жаза мерзімінің әр айына тұстас келетін жұмыс күндерінің санынан кем болмауға тиіс.

Егер сотталған аталған күндердің санын өткермесе және өткерілмеген күндерді жаза мерзіміне есептеу үшін Қазақстан Республикасы ҚАК-те белгіленген негіздер болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сотталған тиісті жұмыс күндері санын толық өткергенге дейін жалғастырылады.

24. Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің басталуы сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі Инспекциядан сот үкімінің көшірмесін алған күні болып табылады.

25. Сотталған жұмыс істеген және оның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізілген уақыттан басқа түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне сол сияқты мыналар есептеледі:

1) сотталған дәлелді себептермен жұмыс істемеген уақыт, бұл мерзімге сондай-ақ сотталған ресми түрде жұмыссыз болып танылған уақыт есептеледі;

2) жұмыс уақытын жинақтап есепке алу қолданылатын ұйымдарда жұмыс істейтін сотталғандарға жазаны өтеу мерзімі жұмыс сағаттарының белгіленген санынан аспайтын есепке алу кезеңіндегі жұмыс уақытының ұзақтығына қарай есептеледі.

26. Жазаны өтеу мерзіміне:

1) Қазақстан Республикасы ҚАК-ның 38-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сотталған жұмыс істемеген кезең аралығындағы уақыт;

2) ішімдікпен, есірткі және уыттылық мастануына байланысты немесе онымен байланысты әрекеттерден туындаған сырқаттану уақыты;

3) әкімшілік қамауда отыру уақыты, сондай-ақ жазасын өтеу кезеңінде басқа қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасы тәртібінде қамауда болу уақыты есептелмейді.

Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің есептелуі немесе есептелмеуі осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инспекцияның қаулысымен ресімделеді.

27. Сотталғанның сырқаттануы төрт айдан аса жалғасқан кезінде Инспекция осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сотқа жазасын өтеуден босату туралы ұсыным енгізеді.

28. Сотталған әйелдің жазасын өтеу кезеңінде аяғы ауыр болған жағдайда

Инспекция сотқа жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілген күннен бастап, жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыным жолдайды. Бұл ретте сотқа ұсыныммен қоса: сотталған әйелдің жұмыс орнынан жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген анықтама, тұрғылықты жерінен, емдеу мекемесінен анықтама жіберіледі.

29. Зейнеткерлік демалысына шыққан және жұмысты тоқтатқан адам жөнінде Инспекция үкімінің одан әрі атқарылуы туралы мәселені шешу үшін сотқа жүгінеді.

30. Сотталғандардың еңбекақысына сот үкімімен белгіленген мөлшерде ұстап қалу жүргізіледі. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалуды жүргізудің басталуы жазаны өтеу мерзімінің басталған күні болып саналады.

31. Ұстап қалу жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыс істеген ай үшін атқару құжаттары бойынша сотталғанда талаптардың болуына қарамастан, негізгі жұмыс орны бойынша жалақының барлық түріне жүргізіледі.

Ұстап қалу әрбір жұмыс істеген ай үшін айдың екінші жартысына еңбекақы төленген кезде, ал жұмыстан босатылған кезде айдың жұмыс істеген бөлігі үшін жүргізіледі.

32. Инспекция, сотталғанның өзі немесе ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарлаған жағдайда еңбекақысынан ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы сотқа өтініш бере алады. Ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы шешім сотталғанның барлық табыстарын ескере отырып шығарылады.

33. Әскери оқуға шақырылған сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу, оған еңбекақы төлейтін жұмыс орны бойынша жүргізіледі.

34. Ұстап қалу жүргізілген кезде сотталғанның еңбекақысының мөлшері ескеріледі.

35. Ай сайын еңбекақы есептелмейтін және еңбек ақысы белгілі бір кезеңінің (жылдың, маусымның, рейстің, жұмыстың белгілі түрін аяқтаудың) қорытындысы бойынша айқындалатын адамдардың ұстап қалу еңбекақы есептелуіне қарай жүргізіледі. Түпкілікті есеп айырысу сотталғанның өткен жылдағы табысы туралы салық және қаржы органдарының деректері ескеріле отырылып жүргізіледі.

36. Мыналардан:

1) сотталғандардың әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру тәртібінде алатын зейнетақылары мен жәрдемақыларынан;

2) еңбекақы жүйесінде көзделмеген біржолғы сипаттағы төлемдер мен сыйақылардан (оның ішінде пайдаланылмаған демалысы үшін берілген

өтемақылар) ұстап қалу жүргізілмейді.

37. Ай сайын еңбекақы берілген күні сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі ұстап қалған сомаларды мемлекеттің кірісіне аударады.

38. Төлем тапсырыстарымен бір мезгілде Инспекцияға жүргізілген ұстап қалу бойынша есептеу мәліметтері осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолданады. Есептеу мәліметтері төлем тапсырысының бетінде, сол сияқты сырт жағында көрсетіледі.

39. Инспекциялар ай сайын есепке алу карточкалары бойынша ұстап қалған сомалардың дұрыстығы мен уақытылы келіп түсуін тексереді және бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

40. Ұйым әкімшілігі үш айдан аса сотталғанның жалақысынан уақытылы соманы ұстап қалмаған және бюджетке соманы аудармаған жағдайда, Инспекция прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану үшін прокуратура органдарына жүгінеді.

41. Инспекция кем дегенде тоқсанына бір рет сотталғандардың еңбекақыларынан ұстап қалудың дұрыстығын тікелей олардың жұмыс орны бойынша тексереді. Тексеру нәтижелері туралы осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі дана етіп жасалады, оның бірі ұйымда, ал екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің актімен танысқаны туралы белгімен Инспекцияда сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін пайдаланылады.

42. Инспекцияға алдын ала хабарламай сотталғанды жұмыстан босатқан, сотталғанды жұмыстан өз тілегі бойынша босатқан, сотталғанның жұмысы туралы, оның еңбекақысы және жүргізілген ұстап қалу туралы есептеу мәліметтері бұрмаланып табыс етілген жағдайда, Инспекция ол жөнінде прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану үшін прокуратураға жазбаша түрде хабарлайды.

43. Сотталғандардың еңбекақысынан ұсталған сомалардың аударылуы және жұмыс істеген күндер саны туралы мәліметтер арнайы істерге тігілетін төлем тапсырмаларының көшірме мен есеп-айырысу мәліметтері негізінде олардың есепке алу карточкаларына енгізіледі, ал сотталғандардың есепке алу карточкаларында осы құжаттар іске тігілген реттік нөмірге сілтеме жасалады.

44. Жазаның мерзімі аяқталған күні Инспекция сотталғанның жұмыс орны бойынша оның түзеу жұмыстарын өтегені туралы хабарламаны осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді және ұйымның әкімшілігіне оның еңбекақысынан ұстап қалуды тоқтатуды ұсынады. Сотталған басқа негіздер бойынша босатылған кезде, тиісті құжаттар алынғаннан кейін ұйым әкімшілігі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі. Сотталғанға жазаны өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы анықтама осы Қағидаға 21-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

45. Мыналар:

1) жазбаша ескертуден кейін Инспекцияға орынсыз себептермен келмеуі;

2) жазбаша ескертуден кейін, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 37-бабында белгіленген міндеттерді бұзу;

3) жұмыста болмау немесе жұмысқа мас күйінде, есірткіден немесе уытқұмарлық мастанған күйде келу түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу болып табылады.

46. Осы Қағиданың 45-тармағында көрсетілген кез келген бұзушылық жазбаша түрде ескертілгеннен кейін, түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын қайта бұзуға жол берген адам, сондай-ақ орналасқан жері белгісіз тұрғылықты жерінен жасырынған адам түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарған болып танылады.

47. Осы Қағиданың 45-тармағында көрсетілген кез-келген бұзушылық анықталғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Инспекция мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) сотталғанды Инспекцияға шақырады, тұрғылықты жері бойынша оған барады және одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, қажет болған жағдайда жазасын өтеудің белгілі тәртібі мен шарттарын сақтамаудың объективтік себептерінің бар-жоғын растайтын құжаттарды талап етеді;

2) сотталғанмен жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын сақтау, қайталап бұзушылыққа жол бермеу қажеттігі туралы алдын алу әңгімесін жүргізеді, бұл туралы анықтама жасайды.

3) сотталғанда орынды себептері болмаған жағдайда, осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оған түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне алмастыру мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту жасайды.

48. Осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инспекция жазаны өтеуден қасақана жалтарған сотталғандарға қатысты Қазақстан Республикасы ҚК-нің 43-бабының 4-бөлігіне сәйкес сотқа түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне ауыстыру туралы ұсыным жолдайды.

Ұсынымда сотталғанның жазаны өтеуден жалтару кезіндегі нақты фактілері: жұмысқа келмеген күндері, жұмыстан босатылғаннан кейін қанша уақыт жұмысқа орналаспағаны немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органдарға есепке тұрған-тұрмағандығы жөнінде, Инспекцияның шақыруы бойынша орынды себептерсіз келмеуі, белгіленген міндеттерді бұзғаны, жұмыс орны, тұрғылықты жері және Инспекция тарапынан қандай ықпал ету шаралары қолданылды, ол оларға қалай әрекет етті, сондай-ақ салынған жазалары мен алып келулердің болуы жөнінде ақпарат көрсетіледі. Ұсынымда сотталғанның жұмыс

орны мен тұрғылықты жерінен мінездеме, сотталғанның түсініктемесі және өзге де құжаттар қоса беріледі.

49. Орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты ұсынымда оның жазасын өтеуден жалтару мақсатында бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі.

50. Жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын ауыстыру туралы ұсыным сотқа қайта жасалған бұзушылық анықталғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде, ал тұрғылықты жерінен бой тасалаған адамдарға қатысты бастапқы іздестіру шаралары жүргізілгеннен кейін жолданады.

51. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты Инспекция бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және оған іздестіру жариялау туралы осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыным енгізеді.

52. Сот түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне ауыстырудан бас тартқан жағдайда, осы мәселе бойынша қайта ұсыным беру сотталған адамның жаңадан осы Қағиданың 45-тармағында көрсетілген жаза өтеудің тәртібі мен шарттарының кез келгенін бұзғаннан кейін енгізіледі.

## 4. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыруға ұсыну тәртібі

53. Түзеу жұмыстарына және бас бостандығын шектеуге сотталғандар заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтегеннен кейін Инспекция:

1) сотталғанға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені қарау үшін сотқа өтініш беру құқығының туындағаны туралы осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік бес күн ішінде жазбаша хабарлайды;

2) сотталған өтініш бергеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде сотқа тиісті материалдарымен қоса ұсынылған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды;

3) сотталғанның жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру және кешірім жасау туралы өтінішінде оның жеке басын, мінез-құлқын сипаттайтын деректер қоса ұсынады.

54. Сотқа барлық құжаттар 2 данада дайындалады.

**5. Жазаны өтеуді тоқтату және сотталғандарды есептен шығару негіздері**

55. Сотталғанды Инспекция есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттары:

1) түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін өзге жазамен ауыстыру туралы соттың үйғарымы, қаулысы;

2) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

3) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

4) сотталғанның сырқаттану салдарынан жазаны өтеуден босату соттың ұйғарымы, қаулысы;

5) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

6) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енген өкімімен қоса сот үкімі;

7) аумақтық әділет органының сотталғанның қайтыс болғандығы туралы анықтамасы;

8) жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталғанның жеке істері алынғандығы және Инспекцияға есепке қойылғандығы туралы хабарламасы;

9) сотталғанның келгендігі және есепке қойылғандығы жөнінде әскери бөлімнің хабарламасы

10) жазаны толық өтеуді растайтын есепке алу карточкасы болып табылады.

56. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі.

57. Сотталғанды есептен шығару күні осы Қағидаға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІІО бөліністеріне, көші-қон полициясына, сондай-ақ осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шынайы әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқарма органына хабарлама жолданады.

58. Түзеу жұмыстарын басқа жаза түріне ауыстыруға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот шешімдері негізінде, оларды алған күні жүргізіледі.

59. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, жеке ісіне, сотталғандарды түзеу жұмыстарына тартуды есепке алу карточкасына белгі жасалады.

60. Жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа

тұрғылықты жері бойынша хабарлама жолданады. Егер Инспекцияның тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орындау үшін жолданады.

61. Жеке істері мөрмен расталып және Инспекция бастығының қолы қойылып, тапсырыс пошта арқылы сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекцияның сұраухаты бойынша жолданады. Сотталғандардың жаңа жаза өтеу жері бойынша Инспекция жеке істі алғандығы туралы құжат жолдаған Инспекцияға тез арада растау жолдайды.

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына 1-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

________________ төрағасы

(соттың атауы)

________________________

(тегі, аты-жөні)

20___ жылғы "____"________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша ___________________**
**(аудан, қала)**
**қылмыстық-атқару инспекциясына орындауға келіп түскен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандардың үкімдерін САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Рет № | Сотталғанның тегі, аты-жөні, туған күні мен жылы | ҚР ҚК-нің бабы | Үкімді шығарған күні | Жазалау шарасы | Үкімнің заңды күшіне енген күні | Есептен шығару күні | Соттың үкімді Инспекцияға жолдаған күні | Үкімнің Инспекцияға келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

______________________ кеңсесінің басшысы
(соттың атауы)

_________________________ _____________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "____"_________

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)

_________________________ _____________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "____"_________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына 2-қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

_____________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бастығы _____________ (тегі, аты-жөні)

20___ жылғы "____"_________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған хабарламалар мен Н-1 алфавиттік есепке алу карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Рет. № | Тегі, аты-жөні | Туған күні мен жылы | Қашан және қандай сотпен сотталған | Хабарламалар мен карточканың келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Салыстыра тексеру актісін құрастырған:**

_____________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бөлімінің прокуроры

_________________________ _____________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "___"_________

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)

___________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "___"_________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
3-қосымша
Нысан

## 20__ жылдың _____ ішіндегі іздестірудегі сотталған адамдар бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруде тұрған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіру жарияланған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруден алынған сотталған адамдардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Салыстыра тексеру жүргізгендер:**

________________________
(органның атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
____________________ бастығы
(жедел іздестіру бөлінісінің атауы)
_______________________________________ __________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
4-қосымша
Нысан

## 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған күзет карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Есеп беру кезеңінің соңында Инспекциясының есебінде тұрғандардың саны | Құжаттандыру және тіркеу бөлімінде шығарылған күзет карточкаларының саны | 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша есептен шығарылған сотталғандардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Салыстыра тексеру жүргізгендер:**

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
(органның атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
____________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
______________________ бөлім (бөлімше) бастығы
(көші-қон полиция бөлінісінің атауы)
_______________________________________ ___________________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының
қызметін ұйымдастыру қағидасына
5-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
_________________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

**Түзеу жұмыстарын өтеп жатқан адамдарды есепке алу**
**ЖУРНАЛЫ**

20__ жылғы "___"_________ басталды
20__ жылғы "___"_________ аяқталды
Сақтау мерзімі ____________________
(ішкі мазмұны)

| Рет. № | Есепке қойылған күні | Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы | Қашан, қандай сотпен, қандай бап бойынша сотталған, үкімнің заңды күшіне енген күні | Бас бостандығынан айыруды түзеу жұмыстарына ауыстыру туралы ұйғарымның (кешірім жасау) актісі шығарылған күні, соттың, түзеу мекемесінің атауы | Түзеу жұмыстарының мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Жалақысынан ұсталатын ақы мөлшері | Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қолдаухат жолданған күні | Түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне ауыстыру туралы ұсыныстың сотқа жіберілген күні | Есептен шығару күні мен негіздемесі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
6-қосымша
Нысан

**сот шешімін орындауға қабылдау туралы**
**ХАБАРЛАМА**

______________________________
(сот атауы,
______________________________
оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің __________ бабы бойынша сотталған ______________________________________________________________________
(тегі, аты-жөні және туған жылы)
___________________________________ сотының "____"_________20 _ жылғы үкімнің көшірмесі 20 _ жылғы "___"__________ алынғанын және атқаруға қабылданғанын хабарлаймыз

Сотталған ___________________________ мінез-құлқы бақылауға қойылды
___________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
7-қосымша
Нысан

## БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы_______________________________________________

(күні, жаза түрі)

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға жіберілген күні (МБШТБ) 20_ жылғы "__"__________

Тегі, аты-жөні_________________________________________________________

Есепке алынды _________________________________________________________

Бақылау (жеке) іс №___________________________________________________

Карточканы толтырған _________________________________________________

__________________________

(орган атауы)

___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

___________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына 8-қосымша

Нысан

## КҮЗЕТ КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы 20 _ жылғы "___"_________________________________

Жаза мерзімінің өзгеруі туралы белгі ___________________________________

_________________________________________________________________________

_________________________________________________________________________

(тегі, аты-жөні, туған жылы және жері, тұрғылықты жері)

20 _ жылғы "___"__________ сотталды.

_________________________________________________________________________

(сот атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______ бабына сәйкес __________________

_________________________________________________________________________

(түзеу жұмыстардың, бас бостандығын шектеу мерзімі)

Сотталғанның тұрғылықты жерінің тіркелу есебінен шығару бойынша өтінген кезде тез арада Инспекцияға ____________________ мына телефон

(инспекция атауы)

__________ арқылы хабарлансын.

20_ жылғы "___"__________ тіркелу есебінен шығарылды
20_ жылғы "___"__________ Инспекцияға хабарланды

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(орган атауы)
__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
9-қосымша
Нысан

_______________________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

## Түзеу жұмыстарын өтеушінің
## №___ ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты-жөні _____________________________________________________
Туған жылы және жері _______________________________________________
Мекенжайы _________________________________________________________
Жұмыс орны және лауазымы ___________________________________________
20___жылғы "___" _______________ ___________________________
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің __ бабы бойынша _____ мерзімге түзеу жұмыстарына сотталған
Ұстап қалудың өлшемі _________%
20___жылғы _______________ есепке алынады.
Карточканы толтырған __________________________________________
(лауазымы, тегі аты-жөні) (қолы)
Жұмыс орнын немесе тұрғылықты жерін өзгерткені туралы белгілерге арналған орын: _____________________________________________________
Ұстап қалудың мөлшері _________%. Алынған растауға сәйкес
Ұстап қалу 20 ___ жылғы _______________ басталды.
20_жылғы "___"_____ және 20_жылғы "___"______ аралығында қамауда отырды.
Жаза мерзімінің өтелуіне ______ ай ______ күн қалды.

| Жылы, ай | Кесте бойынша істелген жұмыс күнінің саны | Жұмыс атқарған күндері | Жұмыс атқармаған күндері және себептері |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

*кестенің жалғасы*

| Тапқан ақшасы | Жалпы аударылғаны | Аударылған күні және құжат № | Есеп мәліметтері тігілген істің және парақтың нөмірі |
|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 |

Барлығы ___________ 20__жылғы "___"________ есептен шығарылды.
Негіздеме: ____________________________________________________________

(орган атауы)

___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

___________________________ _______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
10-қосымша
Нысан

## ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| Тіркеу күні | Сотталғанның қолы | Тіркеген адамның тегі | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
11-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

_____________________________________________________________

(аумақтық органның атауы)

**Түзеу жұмысын өтеушінің**

**ЖЕКЕ ІСІ №_____**

Тегі, аты-жөні _______________________________________________________
туған жылы мен жері _________________________________________________
20_ жылғы _________ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______ бабы бойынша ______ мерзімге түзеу жұмыстарына сотталды

20_ жылғы "__"__________ есепке алынды

20_ жылғы "__"______ есептен шығарылды

Істегі парақтар саны: _______________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
12-қосымша
Нысан

# ҚОЛХАТ

Мен, ______________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы,
______________________________________________________________
тұрғылықты жері, телефоны)
20__жылғы "___"_______________________________________ сотымен
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің _______ бойынша _______________
(жаза мерзімі)
түзеу жұмыстарына сотталдым.

Жазаны өтеу тәртібімен таныстым және міндеттенемін:

- жазаны өтеудің белгіленген тәртібін және шарттарын сақтауға;
- маған сот жүктеген міндеттерді орындауға;
- Инспекцияның шақыруына келуге;
- Инспекцияның алдында өзімнің мінез-құлқым туралы есеп беруге;
- Инспекцияға 10 күн ішінде жұмыс орнымды және тұрғылықты жерімді ауыстырғаным, тұрғылықты жерімнен тыс шығуды жоспарлағаным туралы хабарлауға;
- түзеу жұмыстарына сотталғандар үшін көзделген бұзушылықтарды жібермеуге, бұзбауға;
- көрсетілген жазаны орындауға байланысты Инспекция талап еткен құжаттарды әкелуге;
- жұмыс орнынан шығарылғаны туралы хабарлауға.

Инспекция бақылауынан жасырынғаны үшін жауапкершілікке тартылатынымды және қойылған талаптарды орындамаған жағдайда жаза алмастырылатыны жөнінде ескертілдім.

20___жылғы "___"________ ______________
(сотталғанның қолы)

Тілхатты алған
___________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
13-қосымша

Нысан

Әскери басқару жергілікті орган
______________________________
______________________________
(ӘБЖО атауы)

## ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын ____________________________________________
(тегі, аты-жөні)
19_жылғы "____"__________ туылған, тұрғылықты жері ____________________
______________________________________________________________________
20_жылғы "__"_________ сотталған ____________________________________________
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы бойынша
______________________________________________________________________
(түрі және жаза мерзімі)
Қылмыстық-атқару инспекциясы есебінен шығарылғаны қосымша хабарланады.

_______________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
14-қосымша

## ХАБАРЛАМА

_______________________________________________

(ұйым атауы)

_______________________________________________

(ұйым басшысының қызметі, тегі, аты-жөні)

20_ жылғы "___"_________ Қазақстан Республикасы ҚК-ның ___ бабы бойынша азамат (ша) ________________ ________________________

(тегі, аты-жөні) (қызметі, жұмыс орны)

жұмыс істейтін _________________________ мерзімге еңбекақысынан

(жаза мерзімі)

мемлекет кірісіне ___% ұстай отырып, түзеу жұмыстарына сотталды. Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 39-бабына сәйкес түзеу жұмыстарына сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігіне мынадай міндеттер жүктеледі:

1. Сотталғанның еңбекақысынан ұстап қалуды дұрыс және уақытылы жүргізу , ұсталған сомаларды белгіленген тәртіппен сотқа аударып отыру.

2. Сотталғанның өндірістегі мінез-құлқын бақылау және онымен тәрбие жұмысын жүргізуде инспекцияға жәрдемдесу.

3. Жазаны өтеу шарттарын сақтау.

4. Қылмыстық-атқару инспекциясының бөлімін сотталғанға көтермелеу және жазалау шараларының қолданылғаны туралы, оның жазаны өтеуден жалтарғаны туралы хабардар ету, сондай-ақ сотталғанның басқа қызметке ауыстырылғаны немесе оның жұмыстан босатылғаны туралы алдын ала хабардар ету.

Санамалаған міндеттерді атқармау Қазақстан Республикасының Заңдарына ( Қазақстан Республикасы ҚК-ның 362-бабы) сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Сотталғанның еңбекақысынан ұстап қалу хабарлама алынған күннен бастап жүргізілсін және ____________________________________

_______________________________________________

(Қазақстан Республикасы банк мекемесінің атауы)

_____________ № ___ жергілікті бюджеттік шотына аударылсын.

________________________ кесу сызығы_________________________________

Хабарлама алынған кезде толтырылсын, мөрмен куәландырылсын және инспекцияға жіберілсін

## РАСТАМА

20__ жылғы ___________ № ___

___________________________ қылмыстық-атқару инспекциясына

Түзеу жұмыстарына сотталған азамат _________________________

(тегі)

_______________________________________________ болып істейді
(жұмыс орны, ұйым)

Сіздер жіберген хабарлама 20__ ж.____________ алынды және нақ осы күннен бастап ұстап қалу жүргізілетін болады.

Сотталғанның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізетін бухгалтер:

____________________ тел.____________

(тегі, аты-жөні)

Бас (аға) бухгалтер _______________ ___________________

(қолы) (тегі, аты-жөні)

20___жылғы ____________

М.О.

*(келесі беті)*

**Түзеу жұмыстарын өтеу шарттары**
**(Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 37-бабы)**

Түзеу жұмыстарын өтеу кезеңінде сотталғандарға қылмыстық-атқару инспекциясының жазбаша рұқсатынсыз жұмыстан өз тілегі бойынша шығуға тыйым салынады. Рұқсат тек жұмыстан шығудың негізін тексергеннен кейін қабылданады. Жұмыстан шығуға рұқсат бермеу негізделген болуы керек. Рұқсат бермеу жөніндегі шешім заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Түзеу жұмыстарын өтеу кезеңінде жыл сайынғы демалыс, сондай-ақ 10 және одан да көп күнге қосымша демалыстарды сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі қылмыстық-атқару инспекциясымен жазбаша келісім бойынша береді. Еңбек заңдарына көзделген демалыстардың басқа түрлері сотталғандарға жалпы негіздерде беріледі.

**Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалуды жүргізу тәртібі мынадай:**

Қылмыстық-атқару инспекциясы, сотталған немесе оның жұмыс істейтін ұйымының әкімшілігі, сотталғанның материалдық жағдайына қарай сотқа оның жалақысынан ұсталатын соманы азайту жөнінде сұрай алады. Ұстау көлемін азайту туралы шешім сотталғанның барлық табысын ескере отырып жасалады.

Ұстап қалу еңбекақы төлеу жүйесімен көзделген барлық түрлерінен негізгі жұмыс істейтін жері арқылы, әрбір өткен айда істелген жұмыс бойынша, сондай-ақ атқару құжаттары бойынша сотталғанға талаптардың бар-жоғына қарамастан жүргізіледі.

Ұстап қалу кезінде еңбекақының ақшалай және негізгі түрінен жүргізіледі. Ұсталған ақшалар мемлекет қорына ай сайын аударылады.

Ұстап қалу әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету, біржолғы

төлеу сипатындағы төлемдерден жүргізілмейді.

Уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақылар түзеу жұмыстарына сотталғандарға сот үкімімен тағайындалған ұстап қалу шегеріле отырып, оның еңбекақысынан есептеледі.

Қосымша ________ парақта.

М . О

________________________

(орган атауы)

___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
15-қосымша

Нысан

**Түзеу жұмыстарын өтеп жүрген адамның жұмыс орнынан өз еркі бойынша шығуына (шығарудан бас тарту) рұқсат беру туралы ҚАУЛЫ**

___________ қаласы 20__ жылғы _________

Мен,_________ қаласы _________ қылмыстық-атқару инспекциясы бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы (аға инспекторы, инспекторы), түзеу жұмыстарына сотталған азамат(ша)_________ жұмыс орнынан шығуға рұқсат сұраған өтінішін қарай келіп

Анықтадым:______________________________________________________

______________________________________________________________________

Баяндалғаннан және сотталғанды __________________________жұмыс орнынан шығару орынды немесе орынсыздығын назарға алып, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 37-бабын басшылыққа ала отырып,

**Қаулы етемін:**

1. Сотталғанға ___________________________________________________

______________________________________________________________________

(мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның атауы) жұмыстан шығаруына рұқсат етілсін (шығарудан бас тартылсын)

2. Қаулының көшірмесі ____________________________________________

_________________________________________ кадр бөліміне жолдансын.

Осы қаулы бойынша ________________________________________________________
____________________________ жоғарғы инстанцияға шағым жасауға болады.

__________________________

(орган атауы)

_____________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

___________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Қаулы маған жария етілді: Сотталған ______________

(қолы)

20__жылғы_____________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
16-қосымша
Нысан

**Түзеу жұмыстарын атқару мерзіміне қосу (қоспау) туралы қаулы**

Мен, ______________________________________________________________

(органның атауы, атағы, тегі, аты-жөні)

бастығы (аға инспекторы, инспектор) түзеу жұмыстарына сотталған

_________________________________________________________________

(тегі, аты-жөні, Қазақстан Республикасы ҚК-ның бабы, жазаның өтеудің басталуы, аяқталу мерзімі)

материалдарды қарап,

**Анықтадым:**

_____________________________________________________________________

әртүрлі себептер бойынша сотталғанның түзеу жұмысына шықпаған мәселелері көрсетіледі (Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 38-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеу барысында сотталған жұмыс істемеген уақыт; ішімдіктен, есірткіден және уытқұмарлық мастанумен байланысты немесе сонымен байланысты әрекеттерден туындаған сырқаттану уақыты; қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны өтеу, сондай-ақ жазасын өтеу кезеңінде басқа қылмыстық іс бойынша тыйым салу шарасы тәртібімен қамауда болу уақыты және т.б.).

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

**Қаулы етемін:**

Сотталғанға қатысты ___________________________________________
(тегі, аты-жөні)
түзеу жұмыстар түріндегі жазаны атқару мерзімін ________________________________________________________ есепке алмауды.
(емделгенге дейін, қамаудан босатылғанға дейін, және басқа)

______________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының
қызметін ұйымдастыру қағидасына
17-қосымша
Нысан

______________________________
(соттың атауы)

**ҰСЫНЫМ**

Мен, ______________________________________________________________
(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

_______________________________________________________________________
(аймақтық органның атауы)
материалдарды қарап ____________________________________________________
(аты-жөні, туған жері және жылы)
сотталғанға 20__ ж. "___"__________.________________________________
(сот атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабы бойынша
_______________________________________________________________________
(жаза мерзімі және түрі)
20___ж. "___"__________ бастап Инспекция есебінде тұратын

**АНЫҚТАДЫМ:**

_______________________________________________________________________

(сотталғанның түрі мен шешілетін сұрағына және санатына байланысты

көрсетіледі:

___________________________________________________________________

ұсыным шығарылған кезеңдегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі, сотталғанның

___________________________________________________________________

мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, оған сот жүктеген міндеттерді орындауын, қашан және қандай

___________________________________________________________________

жазаны өтеу тәртібінің бұзылғаны, қоғамдық тәртіптің, алып келулер, ескертулер инспекциямен

___________________________________________________________________

қашан шығарылған, сотталғанның денсаулығы жайында, мүгедектік тобын анықтау,

___________________________________________________________________

психикасының бұзылуының немесе басқа ауыр ауруының болуы, жүктілік және босану демалысының

___________________________________________________________________

берілген мерзімдері, ал тұрғылықты жері белгісіз кісілерге, Инспекция бақылауынан және

___________________________________________________________________

жазаны өтеуден жалтару мақсатында бой тасалаған және де бастапқы іздеу іс-шараларының

___________________________________________________________________

нәтижелері көрсетіледі)

Жоғарыда айтылған жәйттардың негізінде және Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________________________________ басшылыққа ала

(Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы көрсетіледі)

отырып, ____________________________________________________________

(соттың атауы)

сотталған ___________________________________________________________

(аты-жөні)

___________________________________________________________________

(босатылуы, мерзімінен бұрын босатылуы, түзеу жұмыстарын бас бостандығынан

___________________________________________________________________

айыруға алмастыру, жазаның өткерілмеген мерзімін жеңілдеу түріне алмастыру)

сотқа мәселені шешу үшін құжаттарды жолдауға мақсатты деп санаймын.

Қосымша ___________ парақта.

М. О.
________________________
(орган атауы)
__________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" _________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының
қызметін ұйымдастыру қағидасына
18-қосымша
Нысан

__________________________
қылмыстық-атқару инспекциясына

___________________________
(мекенжайы)
________________________________________________________
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

**түзеу жұмыстарын өтеуші адамдардың жұмысы және 20__жылғы _____ үшін жүргізілген ұстап қалу туралы ЕСЕПТЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ**

Еңбекақы 20__жылғы ______________ берілді

| Рет. № | Тегі, аты-жөні | Ұстап қалу туралы хабарламаның № | Кесте бойынша жұмыс күндерінің саны | Өтелмеген жұмыс күндерінің саны және себебі | Жалпы еңбек ақысы | Ұстап қалу өлшемі (% жалақыдан ) | Жалпы ұсталынған | Жалпы аударылған | Аударған күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Кәсіпорынның (мекеменің) басшысы ________________________
Бас (аға) бухгалтер ___________________________________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының

қызметін ұйымдастыру қағидасына
19-қосымша
Нысан

**_________________________________________20____ ж.__________ ( кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)**

**түзеу жұмыстарын өтеп жатқан адамдарға жүргізілген ұстап қалудың дұрыстығын тексеру актісі**

Мен,____________________ қылмыстық-атқару инспекциясы бөлімінің бастығы _________________________________________ және бас бухгалтер ____________________ қатысуымен төмендегі туралы осы актіні жасадым: (тегі, аты-жөні) _______________________________________ 20___ жылғы ______________ (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы) түзеу жұмыстарын ____________ адам өтеді.

| Рет. № | Тегі, аты жөні | Түзеу жұмыстарын өтеу уақыты 20__ ж. ___ бастап _____ күнге дейін | жалпы аударылғаны | ұстап қалудың өлшемі | ұсталғаны | ұстап қалу қажет | Ұсталмағаны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Осылайша, жоғарыда аталған адамдардан есептесу кезінде тексеріліп отырған кезеңінде.

1. Сот үкімімен ұсталғаны ___________ теңге
2. __________________ теңге жете ұсталмаған. (жазумен)

Аталған соманы жете ұстап қалу және 20__ ж.________ кешіктірмей _________________________ № ____________ бюджет шотына аудару қажет. (банк мекемесінің атауы) ________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (орган атауы)

___________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) басшысы ___________ (қолы)

М.О.

Бас бухгалтер ____________
(қолы)

20___ жылғы ___________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының
қызметін ұйымдастыру қағидасына
20-қосымша
Нысан

**ХАБАРЛАМА**

_______________________________________________________________________
(ұйым атауы)

_______________________________________________________________________
(ұйым бастығының тегі, аты-жөні)

Азамат(ша)____________________ 19__ ж ____________________ туған,
(тегі, аты, әкесінің аты)
_______________________________________ жұмыс істейтін
(лауазымы, ұйым атауы)
түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өткерді, осыған байланысты оның еңбекақысынан ұстауды 20___ж. ______ бастап тоқтатуды сұраймын
_______________________________________________________________________
(тоқтатылу негізі көрсетілсін)

Оның іс жүзінде өтеген жаза мерзімі ___ ай ______ күн құрайды.

М.О.

__________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі
қылмыстық-атқару инспекцияларының
қызметін ұйымдастыру қағидасына
21-қосымша
Нысан

**АНЫҚТАМА**

Азамат(ша) ________________________________________________

(тегі, аты-жөні)

20__жылғы ______ ______________________________________

(соттың атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК ___________ бойынша _____________ мерзімге түзеу жұмыстарына сотталған инспекция есебінен 20___ж. _________ _____________________________________________________________________

(есептен шығарылған негіздемесі көрсетілсін)

шығарылғаны жөнінде берілді.

М.О.

________________________

(орган атауы)

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына 22-қосымша

Нысан

**Түзеу жұмыстарды бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы**
**ЕСКЕРТУ**

Мен, _______________________________________ қылмыстық-атқару

(жергілікті органның атауы)

инспекциясының _______________________________ 20_ жылғы "___"_____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

сотталған ________________________________________________________

(тегі, аты-жөні)

_______________________________________________________________________

(сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан, қашан, қай кезде қоғамдық тәртіпті бұзды,

_______________________________________________________________________

ол үшін қандай әкімшілік жауапқа тартылғандығының нақты фактілері көрсетіледі)

үшін инспекцияға шақырдым.

Көрсетілгеннің негізінде және Қазақстан Республикасы ҚАК-ның 29, 42, 172, 184-баптарын басшылыққа алып, сотталған __________ сот жүктеген міндеттерін атқармауын жалғастырған немесе қайталап қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда оған осы жазаның ауыстырылуы мүмкін екендігі ескертілді.

___________________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
___________________________ _______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Осы ескерту маған жарияланды _______________________________
(сотталғанның қолы)
20__ жылғы "___"__________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
23-қосымша
Нысан

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
(кімге)

## Хабарлама

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ________________________________ облысы бойынша
(атауы)
________________________________________ Қылмыстық-атқару инспекциясы
(атауы)
Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабының 1-1-тармағына сәйкес, Сізді мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы мәселені қарау үшін сотқа өтініш беру құқығыңыз туындағаны туралы хабардар етеді.

Қазақстан Республикасы ҚК-ның 70-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес сотталғанға нақты ______ жаза мерзімін өтегеннен кейін мерзімінен бұрын шартты түрде босату қолданылуы мүмкін, яғни Сіздің өтініш беру мерзіміңіз 20__ жылдың" ___"__________ келеді.

__________________________
__________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
24-қосымша
Нысан

_______________________________
(соттың атауы)

## ҚОЛДАУХАТ

Мен, ____________________________________________________
(лауазымы, атағы, аты-жөні)
____________________________________________________________
(аумақтық органның атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________________ бабы бойынша
____________________________________________________________
(жаза түрі, мерзімі)
____________________________________________________________
(сот атауы)
20_ жылғы ________ "__" сотталған Инспекцияның есебінде 20__жылғы "__" __________ тұрған ______________________________________
(аты-жөні, туған жылы және жері)
материалдарын қарап,

## АНЫҚТАДЫМ:

____________________________________________________________
(шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға қолдаухатында, қолдаухат шығару мезетінде
____________________________________________________________
жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері, сотталғанның жеке басын мінездейтін
____________________________________________________________
мәліметтер баяндалады, оның мінез-құлқы, тыйымдар мен міндеттерді орындауы, мемлекетке
____________________________________________________________

материалдық залал, жәбірленушінің мүлкіне және денсаулығына келтірілген

______________________________________________________________________

залалды өтеуі көрсетіледі)

Жоғарыда айтылған жәйттардың негізінде және Қазақстан Республикасы ҚК-ның __________________________ басшылыққа ала отырып,

(Қазақстан Республикасы ҚК-ның бабы көрсетіледі)

сотталған ____________________________________________________________

(сотталғанның аты-жөні, туған жылы)

______________________________________________________________________

(мерзімінен бұрын шартты түрде босату)

туралы мәселені шешу үшін материалды жолдауды орынды деп есептеймін.

Қосымша ___ бетте.

М.О.

__________________________

(орган атауы)

___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ _____________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
25-қосымша

Нысан

________________________ бастығына

_____________________________________

(тегі, аты жөні)

## ХАБАРЛАМА

Азамат __________________________________________________________

(тегі, аты-жөні және туған жері)

______________________________________________________________________

(тұрғылықты жері)

20__ жылғы "___"__________________________________________________

(қай сотпен сотталған, жаза түрі)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабымен сотталған ҚАИ есебінен ________________________________ шығарылды
(есептен шығару негіздемесі)

__________________________ (орган атауы) _________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _________________________ _____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Түзеу жұмыстарды орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру қағидасына
26-қосымша
Нысан
Жергілікті әскери басқару органы ______________________________________ ______________________________________
(ЖӘБО атауы)

## ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын ___________________________________________ (тегі, аты-жөні)
19_жылғы "___"______ туылған, мына жерде тұратын ____________________
20_жылғы "___"__________ осыған байланысты Инспекция есебінен шығарылған ___________________________________________________________ (есептен шығарылған шығару негіздемесі)
______________________________________________________________________

________________________ (орган атауы) _________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _________________________ _____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 бұйрығына
4-қосымша

**Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҚАК) 53-бабына сәйкес әзірленді және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау тәртібін белгілейді.

2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімі, қаулысы, ұйғарымы (бұдан әрі - үкім) негізінде жүргізіледі.

3. Облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі - Инспекциялар) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындайтын органдар болып табылады.

4. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау кезінде аумақтық Инспекциялар:

1) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

2) сотқа:

бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда бас бостандығын шектеудегі өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату;

бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарғанға қатысты іздеу жариялау және бұлтартпау шарасын таңдау мәселесін қарай отырып, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жою;

қамауда ұсталған мерзімін есепке алу;

жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен алмастыру;

кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің жариялануы салдарынан жазадан босату немесе жаза түрін жеңілдету мәселелерін шешу үшін ұсыным енгізеді;

3) сот үкімі келіп түскен күннен бастап бір тәулік мерзімде (демалыс және мейрам күндерін есептемегенде) сотталғандардың деректерін ақпараттық деректер базасына енгізіп, есепке алуды жүзеге асырады, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда олардың түзетуін уақытылы жүргізеді;

4) ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ІІО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің (бұдан әрі – ҚСжАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша сотталған адамдарды тексеруді жүзеге асырады;

5) тоқсан сайын кемінде бір рет (қала және аудан орталығында айына кемінде бір рет) тұрғылықты жері және жұмыс орны бойынша сотталғандармен профилактикалық жұмыс (әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыс жасауды, жазаны өтеу жағдайларын бұзуды болдырмау туралы әңгіме) жүргізеді;

6) тоқсан сайын орындауға келіп түскен үкімдер бойынша сотпен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

7) тоқсан сайын ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларымен салыстыру жұмысын жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

8) іздестірудегі сотталғандардың тізімі бойынша аумақтық жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

9) шығарылған және есептен алынған күзет карточкалары бойынша көші-қон полиция бөліністерімен тоқсан сайын салыстыру жүргізіп, ол жөнінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыру актісін жасайды;

10) учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың хабардар болуын арттыру үшін Инспекцияның есебіне алынған сотталған адамдардың тізімін ай сайын қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бөліністеріне жолдайды;

11) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдардың, оның ішінде шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының шегінен тыс заңсыз шығу фактілерінің жолын кесу мақсатында, ай сайын есепке алынғандардың және есептен шығарылғандардың тізімдерін көші-қон полициясы бөліністеріне жолдайды;

12) орналасқан жері белгісіз есепте алынған адамдарды іздестіру бойынша

бастапқы іс-шараларды жүргізеді;
13) жеке істердің сақталуына дербес жауаптылықта болады;
14) сотталғандарды есептен шығарады;
15) құжаттармен мынадай операциялар:
кіріс және шығыс хат-хабар құжаттарын тіркеуді;
құжаттардың орындалуын бақылауды;
құжаттардың жедел сақталуы мен пайдалануын;
ведомстволық мұрағатқа құжаттарды сақтауға беруді жүргізеді;
16) мөр және мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе өртке төзімді металл шкафтарда сақталады.

## 2. Сотталғандарды Инспекция есебіне қою тәртібі

5. Инспекция үкімді орындауға алған кезінде:
1) үкімнің көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал одан кейін сотталған адамның деректерін бас бостандығын шектеуге сотталғандардың арнайы нөмірленіп, бауланып, мөр басылған есеп журналына осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізеді. Осындай тәртіпте сотталған адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа Инспекциялардан және түзеу мекемелерінен келіп түскен жеке істер тіркеледі.
Үкімдерде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кездескен жағдайда, оларды сотталғандарды есепке алу журналына тіркемей сотқа қайтарады;
2) сотталғанды есепке алған кезден бастап бір тәулік мерзімде:
үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;
осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанға бақылау-мерзімдік карточка толтырады, Инспекцияның тиісті картотекасына салады;
сотталғанның тұрғылықты жерін өзгерткендігі туралы осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанды тіркеу есебінен шығаруды және Инспекцияны хабарлауды бақылауға алу үшін күзет карточкасын толтырады және көші-қон полициясы бөліністеріне тапсырады, екінші данасы картотекаға салынады;
3) үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін қосымша сотталғанға осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке ісін және осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын бастайды.

6. Жеке істердің, есепке алу карточканың және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сотталғандарды есепке алу журналына тіркелген үкімнің нөміріне сәйкес болуы тиіс.

7. Жеке істер және картотекалар жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыппен жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады.

8. Сотталған адамның жеке істері екі бөлімнен тұрады:

бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (үкім, ұйғарым, қаулы, заңды күшіне ену туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушінің белгі қоятын жеке парағы тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау барысын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық материалдар, сонымен қатар тіркеу парағы тігіледі. Барлық құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп тізімдемеге енгізілуі тиіс.

9. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Инспекция Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы БП бұйрығы) бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың ережелеріне 5-қосымшаға сәйкес, сотталған туралы хабарлама толтырады, ал басқа облыстың соты соттаған адамдарға Қазақстан Республикасы БП бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын және сотталған туралы бір хабарлама толтырады, олар ілеспе хатпен қоса ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармасына жолданады, ілеспе хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

10. Сотталған жазадан босатылған немесе оған қатысты үкім өзгертілген жағдайда, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша есептен шығарылғанда, Инспекция тиісті құжатты қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің өзгертілгендігі туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің екінші бөліміне тігіледі.

11. Инспекция сотталғанды тұрғылықты жері бойынша есепке қойғаннан кейін оны әңгімелесуге шақырады, әңгіме барысында оған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары, сонымен қатар бақылаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғанға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыру үшін

маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады. Әңгіме өткізілгеннен кейін әңгімелесу анықтамасы толтырылады және осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғаннан қолхат алынып, ол сотталғанның жеке ісіне тігіледі .

12. Егер сотталған он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін әскери қызметін өтемесе және мерзімді әскери қызметке шақырылатын болса, Инспекция жергілікті әскери басқару органына осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды.

## 3. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

13. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі Инспекция үкімді орындауға қабылдаған кезден бастап есептеледі.

14. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды Инспекция олардың тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша, жұмыстан бос уақытында сотталғандарды қадағалау мен бақылау арқылы жүзеге асырады.

15. Сотталғанның оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерін қалдырмау міндеттерін орындауын бақылау үшін Инспекция сотталғанмен бірге оның тұрғылықты жерінде болу кестесін құрады.

16. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қадағалау:

1) қоғамдық тәртіп бұзушылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықты және жаңа қылмыс жасағанды, әкімшілік шараға немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығын анықтауға ІІО-ның қолда бар есептері бойынша сотталғандарды ай сайын тексерумен;

2) сотталғандарға профилактикалық әңгімелер жүргізу үшін сотталғанды Инспекцияға шақырумен (айына бір реттен кем емес);

3) сотталғандардың жүріс-тұрысына және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен профилактикалық іс-шараларын жүргізуге қатысты құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен ақпарат алмасумен қамтамасыз етіледі.

17. Инспекция сотталғандардың жеке есебін жүргізеді.

Жеке есеп құжаттарына: сотталғанның жеке ісі, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жатқан адамдарды есепке алу журналы және картотекаға салынатын бақылау-мерзімдік карточкасы болады;

Картотеканың мынадай бөлімдері болады:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдар;

2) жазаны өтеуден себепсіз жалтарған адамдар;

3) өздеріне қатысты бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін жеке істері сотқа жолданған адамдар;
4) әкімшілік қамауға алынған адамдар;
5) олардың қайталап қылмыс жасауына байланысты бұлтартпау шарасы тәртібінде қамауда отырған адамдар;
6) оларға қатысты жеке істерін алғандығы туралы растама түспеген, осы Инспекция қызмет көрсететін аумақ шегінен тыс кеткен адамдар;
7) сот іздестіру жариялаған адамдар.
18. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны белгілейтін сот үкімі Инспекцияға келіп түскен күннен бастап орындалады.
19. Сотталғандарға қатысты бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 71-бабын қолдану тәртібінде) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылуы мүмкін. Түзеу мекемесінің әкімшілігі алдын ала (екі айдан кешіктірмей) Инспекциядан сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қызмет ететін аумақта сотталғанның мекендеу ( жұмысқа орналастыру) мүмкіндігі туралы сұратады.
Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған сотталғандарға қатысты түзеу мекемесінің әкімшілігі алдын ала Инспекцияға сотталғанды жібергендігі туралы хабарламаны және сот қаулысын жібереді.
Оны босатқан кезде есепке қою үшін, Инспекцияға бару бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұсқама береді. Бұдан басқа, сотталғанға түзеу мекемесінің мөрімен куәландырылған сот қаулысының көшірмесін береді.
20. Сотталған жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармаған жағдайда, Инспекция алғашқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотталған адамның орналасқан жері анықталмаса, сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді.
21. Сот қосымша міндеттер жүктеген сотталғандарға қатысты Инспекция хабарламаны тиісті ұйымдар мен мекемелерге жолдайды.
22. Жазаны өтеу кезеңінде Инспекция сотқа бостандығын шектеуге сотталған үшін бұрын белгіленген міндеттерінің күшін толық немесе жартылай жою туралы ұсыныс енгізіледі.
23. Сотталған жұмыста немесе тұрғылықты жерінде бір тәуліктен астам өз бетімен болмаған уақыты жаза мерзіміне есептелмейді. Есептелмеген уақыт осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инспекцияның қаулысымен ресімделеді, олар сотталғанның түсіндірмесімен және басқа да материалдармен бірге сотталғанның жеке ісіне тігіледі.
21. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сотталғандар:
1) Қазақстан Республикасы ҚАК-те және осы Қағидада көзделген жаза

өтеудің тәртібі мен шарттарынан туындайтын Инспекция талаптарын орындайды ;

2) Инспекцияның рұқсатымен жұмыс, оқу орнын және тұрғылықты жерін ауыстырады;

3) оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінде болады;

4) Инспекция белгілеген мерзімде тіркелу үшін Инспекцияға келеді;

5) жұмыс немесе оқу кестесінің өзгеруі туралы Инспекцияны жиырма төрт сағат ішінде хабардар етеді;

6) жеке басын куәландыратын құжатын өзімен бірге алып жүруі қажет.

25. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші сотталғандарға жазаны өтеу орны бойынша облыс шегінде орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқуға рұқсат етіледі. Сотталған Инспекцияның келісімімен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқуы мүмкін.

26. Сотталғанды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру Инспекцияның келісім беруімен жүзеге асырылады.

27. Сотталғандарға қатысты көтермелеу және жазалау шаралары Инспекцияның бастығымен немесе оны ауыстыратын адаммен тағайындалады.

28. Инспекцияның белгіленген жаза өтеу тәртібін адал орындағаны үшін сотталғандарға мынадай көтермелеу шаралары:

1) алғыс жариялау;

2) бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу;

3) демалыс және мереке күндерін тұрғылықты жерінің шегінен тыс жерлерде өткізуге рұқсат беру;

4) демалысты тұрғылықты жерінің шегінен тыс өткізуге рұқсат беру шаралары қолданады.

29. Бұрын салынған жазаны уақытынан бұрын алып тастауға жазалаған күнінен бастап кемінде үш ай өтпей жол берілмейді.

30. Инспекция жазаны өтеу тәртібін бұзған сотталғандарға мынадай жазалау шараларын:

1) сөгіс;

2) демалыс және мереке күндерінде тұрғылықты жерінің шегінен тыс шығуға бір айға дейінгі мерзімге тыйым салу;

3) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыру мүмкіндігі туралы ескерту қолданады, ол осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

31. Жазалау шараларын қолдану кезінде жасалған құқық бұзушылықтың мән-жайы, сотталғанның жеке басы мен оның теріс қылық жасағанға дейінгі мінез-құлқы ескеріледі. Тағайындалатын жаза сотталған жасаған теріс қылықтың

сипаты мен ауырлығына сәйкес болуы тиіс. Жаза теріс қылық анықталған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер теріс қылыққа байланысты тексеру жүргізілсе, оның аяқталған күнінен бастап, алайда теріс қылық жасалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей тағайындалады. Инспекция жаза тағайындалғанға дейін сотталғаннан құқық бұзушылық жасаудың мән-жайлары мен себептері көрсетілген түсініктеме алады.

32. Сотталғандарға көтермелеу және жазалау шаралары жазбаша түрде, осы Қағидаға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тағайындалады, осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көтермелеу және жазалауды есепке алу журналына тіркеледі. Сотталғандардың бұзушылық немесе көтермелеу туралы материалдары жеке іске тігіледі.

33. Кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алғашқысына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда, тұрғылықты жеріне, жұмыс немесе оқу орнына келудің белгіленген кестесін бұзу, өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзу (жарамсыз ету), сондай-ақ сол үшін әкімшілік жаза қолданылған сотталған адамның қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасауы жаза өтеу тәртібі мен шарттарын бұзушылық болып табылады.

34. Осы Қағиданың 33-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды бір жыл ішінде қайталап жасау, сондай-ақ еңбек демалысынан немесе демалыс және мереке күндері демалыс өткізу орнынан дәлелсіз себептермен уақытылы келмеу, Инспекция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту, сол сияқты оларды қорлау не оларға қатысты күш қолданамын деп қорқыту, сондай-ақ тұрғылықты жерінен, жұмыс немесе оқу орындарынан өз бетінше кетіп қалу бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару болып табылады.

35. Жазаны өтеуден қасақана жалтарған адамдарға қатысты Инспекция ұсталған жері бойынша сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығын айыруға ауыстыру туралы ұсынымды, осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды.

36. Бас бостандығын шектеудің күшін жою туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, сол уақыт ішінде Инспекцияға келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қабылданғаны, оның оған тигізген әсері, сондай-ақ еріксіз әкелудің бар-жоғы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Инспекция қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы

баяндамасы, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар ұсынылады.

## 4. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

37. Инспекция қызметкерлері:
1) кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жеке профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады;
2) кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды және заңды мүдделерін қамтамасыз етеді;
3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;
4) кәмелетке толмағандардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ескерту мақсатында, олардың арасындағы құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.
38. Инспекция:
1) есепке қою кезінде:
кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен алғашқы профилактикалық әңгімелер жүргізеді;
қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны өтеу шарттарын және тәртіптерін түсіндіреді;
оның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ете алатын адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылайды.
Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың жеке ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу-анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы болуы тиіс;
2) кәмелетке толмағанды есепке қойған күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрғанның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты) осы Қағидаға 19, 20-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама

жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және сотталғанның жаза өтеуден жалтарауына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін тез арада ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдар шақыртады.

39. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекенжайына, оқу немесе жұмыс орнына барады, ата-анасын немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен онымен профилактикалық сипаттағы әңгімелесу өткізеді;

2) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін, кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе оларды ауыстыратын адамдарды, сондай-ақ басқа адамдарды шақырады және олардан, сондай-ақ кәмелетке толмағаннан түсініктеме талап етеді;

3) ата-аналарының кәмелетке толмағандармен бірге спирттік ішімдіктер ішу жөніндегі фактілері анықталған жағдайда, егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Инспекция ІІО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарлама жолдайды, хабарламаның көшірмесін сотталғанның жеке ісіне тігеді;

4) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ жеке ісіне қоса тігу үшін қажетті ақпараттарды сұратады.

40. Сотталған 18 жасқа толған кезде үлкендердің санатына ауыстырылады.

## 5. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыруға ұсыну тәртібі

41. Сотталғандар заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтегеннен кейін Инспекция:

1) сотталғанға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені қарау үшін сотқа өтініш беру құқығының туындағаны туралы осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бес күн мерзімде жазбаша хабарлайды;

2) сотталған өтініш бергеннен кейін он күннің ішінде сотқа тиісті материалдарымен қоса ұсынылған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты

түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды;

3) сотталғанның жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру және кешірім жасау туралы өтінішінде оның жеке басын, жүріс-тұрысын сипаттайтын деректер қоса ұсынады.

42. Сотқа барлық құжаттар 2 данада дайындалады.

## 6. Есептен алу тәртібі

43. Сотталғанды Инспекция есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттары:

1) бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін өзге жазамен ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

2) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

3) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

4) сотталғанның сырқаттану салдарынан жазаны өтеуден босату соттың ұйғарымы, қаулысы;

5) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

6) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енген өкімімен қоса сот үкімі;

7) аумақтық әділет органының сотталғанның қайтыс болғандығы туралы анықтамасы;

8) жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталғанның жеке істері алынғандығы және Инспекцияға есепке қойылғандығы туралы хабарламасы.

44. Жазаны өтеу бойынша сотталғандар есептен алынады.

45. Сотталғанды есептен шығару күні осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІІО бөліністеріне, көші-қон полициясына, сондай-ақ осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шынайы әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқарма органына хабарлама жолданады.

46. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды басқа түріне ауыстыруға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот актілері негізінде, оларды алған күні жүргізіледі.

47. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, жеке ісіне белгі жасалады. Есептен шығарылған

сотталғандардың жеке істері мұрағатқа жіберіледі.

48. Жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа тұрғылықты жері бойынша хабарлама жолданады. Егер Инспекцияның тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне (бұдан әрі - ҚАЖД) орындау үшін жолданады.

Жеке істер Инспекция бастығының қолы қойылып, тапсырыс пошта арқылы сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекцияның сұраухаты бойынша жолданады. Сотталғандардың жаңа жаза өтеу жері бойынша Инспекция жеке істі алғандығы туралы құжат жолдаған Инспекцияға тез арада растау жолдайды.

## 7. Сотталғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібі

49. Бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталған адамдарға тұрғылықты жері туралы тиісті бақылауды қамтамасыз ету және ақпарат алу үшін Инспекция электрондық бақылау құралдарын қолданады.

50. Инспекцияның бастығы немесе оны ауыстыратын адам сотталғанға сот жүктеген шектеулерге сәйкес, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құралдарды орнатудың техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, сотталғанды жеке есепке қойған кезде, сондай-ақ әрі қарай жазаны орындауда оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

51. Сотталғанға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидаға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулымен ресімделеді, ол сотталғанға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, сонымен қатар сотталғанға құралды бұзғаны үшін жауапкершілік туындайтынын түсіндіреді. Электрондық бақылау құралдарын қолдану үшін жауапты Инспекция қызметкері қаулыны шығарған уақыттан бастап, үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды орнатуды жүзеге асырады, сотталғанға электрондық бақылау құралдарын пайдалануды түсіндіріп, осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қол қойғызу арқылы пайдалану жаднамасын береді.

52. Электрондық бақылау құралдарын сотталғанға сот жүктеген міндеттерді сақтауына қадағалауды жүзеге асыру мақсатында, Инспекция оның тұрғылықты немесе орналасқан жатқан жері бойынша орнатуы мүмкін.

53. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты Инспекция қызметкері:

сотталғандарға жүктелген шектеулерді сақтау туралы мониторинг пультінің

мәліметтерін қолдану арқылы ақпарат жинақтауды жүзеге асырады;

сотталғанның электрондық бақылау құралдарын бұзу фактісі, рұқсатсыз шешу, сотпен белгіленген шектеулерді бұзу туралы ақпарат алған жағдайда, Инспекция бастығына немесе оны ауыстыратын адамға баянатпен баяндайды және осы Қағидаға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгі жасайды;

Инспекция бастығына немесе оны ауыстыратын адамға электрондық бақылау құралдарының жұмысында байқалған ақауларды дереу баянатпен баяндайды, осы Қағидаға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық бақылау құралдарының ақауларын тіркеу журналында көрсетеді.

54. Электрондық бақылау құралдарының жұмысында ақау кездескен жағдайда, оның себебін анықтау және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды .

55. Сотталғанға қатысты электрондық бақылау құралдарын техникалық себептерге байланысты әрі қарай қолдана алмаған жағдайда немесе сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде, Инспекция бастығы немесе оны ауыстыратын адам электрондық бақылау құралдарын қолдануды тоқтатады немесе осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізделген қаулыны қабылдай отырып, оларды қолдану тәртібін және қолданатын техникалық құралдардың жиынтығын өзгертеді. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты Инспекция қызметкері қаулыны шығарған уақыттан бастап , үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастайды (немесе ауыстырады).

56. Егер сотталған бұзу фактісін мойындамаған жағдайда, Инспекция электрондық бақылау құралдары арқылы алынған бұзушылыққа жол берген фактілер туралы мәліметті зерделеу арқылы тексеру жүргізеді.

57. Сотталған электрондық бақылау құралын бұзған жағдайда осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акті жасалады.

Электрондық бақылау құралдарын бұзу (жарамсыз ету) себептерін анықтау үшін Инспекция ҚАЖД-ның техникалық қызмет бөліміне жолдайды.

Сотталған электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзған (жарамсыз еткен) жағдайда, заңмен белгіленген тәртіпте материалдық жауапкершілікте болады.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасына 1-қосымша
Нысан

Б Е К І Т Е М І Н

_________________ төрағасы

( с о т т ы ң а т а у ы )
___________________
(тегі, аты-жөні)
20 ___ жылғы "____"_________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша ______________**
**(аудан, қала)**
**қылмыстық-атқару инспекциясына орындауға келіп түскен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандардың үкімдерін**
**САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Рет № | Сотталғанның тегі, аты-жөні, туған күні мен жылы | Қ Р ҚК-нің бабы | Үкімді шығарған күні | Жазалау шарасы | Үкімнің заңды күшіне енген күні | Есептен шығару күні | Соттың үкімді Инспекцияға жолда ған күні | Үкімнің Инспекцияға келіп түскен күні | Ескертп |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

______________________ кеңсесінің басшысы
( с о т т ы ң а т а у ы )
________________________ _____________
(т е г і, а т ы - ж ө н і) (қ о л ы)
2 0 _ _ _ ж ы л ғ ы " _ _ _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _ _
______________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
( о р г а н н ы ң а т а у ы )
________________________ _____________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасына 2-қосымша
Нысан

Б Е К І Т Е М І Н
_____________ о б л ы с ы б о й ы н ш а
Қ С ж А Е К Б б а с т ы ғ ы _____________
( т е г і , а т ы - ж ө н і )
20 ___ жылғы "____"_________

## 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған хабарламалар мен Н-1 алфавиттік есепке алу карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Рет.№ | Тегі, аты-жөні | Туған күні мен жылы | Қашан және кандай сотпен сотталған | Хабарламалар мен карточканың келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Салыстыра тексеру актісін құрастырған:**

______________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бөлімінің прокуроры

___________________________ _______________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "___"_________

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)

___________________________ _______________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "___"_________

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерге қадағалауды жүзеге асыру бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру және электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидасына 3-қосымша

Нысан

## 20__ жылдың _____ ішіндегі іздестірудегі сотталған адамдар бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруде тұрған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіру жарияланған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруден алынған сотталған адамдардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Салыстыра тексеру жүргізгендер:**

__________________________

үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот актілерінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;
осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырып, Инспекцияның тиісті картотекасына салады;
сотталғанның тұрғылықты жерін өзгерткендігі туралы осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанды тіркеу есебінен шығаруды және Инспекцияны хабарлауды бақылауға алу үшін күзет карточкасын толтырады және көші-қон полициясы бөліністеріне тапсырады, екінші данасы картотекаға салынады;
үкімнің көшірмесін тіркегеннен кейін, осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанға бақылау ісін бастайды.
6. Бақылау істерінің және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сотталғандарды есепке алу журналына тіркелген сот актілерінің нөміріне сәйкес болуы тиіс.
7. Бақылау істері және картотекалар жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыппен жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады.
8. Сотталған адамның бақылау істері екі бөлімнен тұрады:
бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын материалдар (сот актілері, заңды күшіне ену туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері, хабарлар, тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушінің белгі қоятын жеке парағы тігіледі;

екінші бөлімге жазаны орындау барысын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысты сипаттамалық материалдар, сонымен қатар тіркеу парағы тігіледі. Барлық құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп тізімдемеге енгізілуі тиіс.

9. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Инспекция Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы БП бұйрығы) бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың ережелеріне 5-қосымшаға сәйкес, сотталған туралы хабарлама толтырады, ал басқа облыстың соты соттаған адамдарға Қазақстан Республикасы БП бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын және сотталған туралы бір хабарлама толтырады, олар ілеспе хатпен қоса ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармасына жолданады, ілеспе хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

10. Сотталған жазадан босатылған немесе оған қатысты сот актілері өзгертілген жағдайда, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша есептен шығарылғанда, Инспекция тиісті құжатты қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСжАЕК-ның аумақтық басқармаларына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің өзгертілгендігі туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің екінші бөліміне тігіледі.

## 3. Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылау

11. Сотталған адам босатылған күні түзеу мекемесі оның тұрғылықты жері бойынша Инспекцияға босатылған күнін көрсете отырып, соттың жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот актісінің көшірмесін жолдайды, оған сотталған адамның мінездемесі, туыстарының оны және сәбиін қабылдауға, оларға тұрғын үй беру және сәбимен бірге тұру үшін қажетті жағдай жасауға келісім беруі туралы анықтама, жүктілігі туралы медициналық қорытынды не баласының туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе баласының бар екендігі туралы анықтама, сондай-ақ Инспекцияға келу туралы қолхат қоса беріледі.

Сотталған адам келгеннен кейін Инспекция үш тәулік ішінде сотталғанды есепке қояды және оның жүріс-тұрысын одан әрі бақылауды жүзеге асырады.

12. Есепке қою кезінде Инспекция сотталған адаммен әңгімелесу жүргізеді, әңгімелесу барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оны

орындамаған кездегі салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі, бұл жөнінде осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, ол сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Бұдан басқа, сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады және тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол қолхатпен қоса сотталған адамның бақылау ісіне тігіледі.

Сотталған адамды есепке қоюмен бір уақытта баланы тәрбиелеу және оны күтуге бақылауды қамтамасыз ету кезінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі. Инспекция қызметкерлері қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесе отырып, тоқсан сайын тұрғылықты мекенінің жай-күйіне тексеру жүргізеді, бұл туралы үш данада акт жасалып, бір данасы сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

13. Егер сотталған он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі мерзімді әскери қызметін өтемеген және мерзімді әскери қызметке шақырылатын болса, Инспекция жергілікті әскери басқару органына осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жібереді.

14. Сотталған адамды жұмысқа орналастырған жағдайда, Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды.

15. Сотталған босатылған күнінен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда, Инспекция бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және егер де сотталған адамның келу орны анықталмаған жағдайда, сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы ұсыным енгізеді.

16. Сотталған адамдардың жазаны өтеуін кейінге қалдыру шарттарын сақтауына бақылау жасау мақсатында Инспекция:

1) сотталған адамдармен, олардың туыстарымен және оларға оң ықпал ете алатын адамдармен профилактикалық әңгімелер жүргізеді, сотталған адамнан жол берген бұзушылықтарының себептері туралы түсініктеме алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу мен оны күту міндеттерінен жалтаруының, қоғамдық тәртіп бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

2) сотталған әйелдердің жүріс-тұрысын, олардың өмір салтын және баланы тәрбиелеудегі көзқарасын бақылау үшін өзге де іс-шараларды жүргізеді;

3) сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару, тұрғылықты жері бойынша теріс мінезделу фактілері анықталған жағдайда, қажетті ақпараттар жинақталады және тиісті іс-шаралар жүргізу үшін ІІО-ның

кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністеріне жолданады, құжаттардың көшірмесі бақылау ісіне қоса тігіледі.

17. Сотталған адамдардың жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзу;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару болып табылады.

18. Сотталған адам, егер ол:

1) баладан ресми түрде бас тартпай, оны босанатын үйде қалдырса немесе балалар үйіне берсе;

2) қоғамға қарсы өмір салтын ұстанса және баланың тәрбиелеумен және оны күтумен айналыспаса;

3) баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға қалдырып кетсе;

4) жаза өтеуден бой тасаласа;

5) баланы тәрбиелеуден жалтаруын куәландыратын өзге де іс-әрекет жасаса, баланы тәрбиелеуден жалтарған болып саналады.

19. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көзделген кез-келген бұзушылықтар анықталғаннан кейін Инспекция қызметкері сотталған адамды шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берген бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, профилактикалық әңгімелесу жүргізеді және осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша ескерту жариялайды.

20. Егер сотталған адам екі рет жариялаған жазбаша ескертуден кейін баладан бас тартса не бой тасаласа немесе баланы тәрбиелеу мен оны күтуден жалтаруын жалғастырған жағдайда, Инспекция қорғаншылық және қамқоршылық органдарына ата-ана құқығынан айыру мәселесін шешу үшін тиісті ақпарат жолдайды.

Ата-ана құқығынан айырғаннан соң сотқа жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы және сотталған адамды сот актісімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыным енгізеді. Ұсынымға: жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот актісінің көшірмесі және сотталған адамның баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

Жаза өтеуді кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген жағдайда, не жүктілігі үзілген жағдайда (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 72-бабының 3-бөлігі) оны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 454-бабының 4-тармағына сәйкес, сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша

аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.

21. Егер сотталған адам бақылаудан жасырынған болса, Инспекция бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады.

22. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі біткеннен кейін не бала қайтыс болған жағдайда, не түсік тастаған жағдайда Инспекция сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын, жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдерін ескере отырып, осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа сотталған адамды жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға, не оны түзеу мекемесіне жіберу туралы ұсыным жолдайды.

Ұсынымда сотталған адамның жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеуді кейінге қалдырған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, сот актісімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме және басқа да құжаттар қоса беріледі.

## 4. Кәмелетке толмаған сотталғандарды бақылау

23. Инспекция қызметкерлері:

1) кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жеке профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ескерту мақсатында, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша олардың тарапынан мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

5) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын адамдардың қатысуымен алғашқы профилактикалық әңгімелер жүргізуге;

қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны өтеу шарттарын және тәртіптерін түсіндіреді;

оның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ете алатын адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді

нақтылайды.

Кәмелетке толмағанмен жүргізілген әңгімелесуден кейін осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың бақылау ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу-анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы болуы тиіс;

6) кәмелетке толмағанды есепке қойған күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрғанның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты) хабарлайды, осы Қағидаға 15, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолдайды;

7) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және сотталғанның жаза өтеуден жалтарауына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін тез арада ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдар шақыртады.

24. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында, Инспекция мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін, кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе оларды ауыстыратын адамдарды, сондай-ақ басқа адамдарды шақырады және олардан, сондай-ақ кәмелетке толмағаннан түсініктеме талап етеді;

2) ата-аналарының кәмелетке толмағандармен бірге спирттік ішімдіктер ішу жөніндегі фактілері анықталған жағдайда, егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Инспекция ІІО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарлама жолдайды, хабарламаның көшірмесін сотталғанның жеке ісіне тігеді;

3) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ бақылау ісіне қоса тігу үшін қажетті ақпараттарды сұратады.

25. Сотталған 18 жасқа толған кезде үлкендердің санатына ауыстырылады.

## 5. Есептен шығару

26. Сотталғанды Инспекция есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттарға:

1) жазаны атқаруды кейінге қалдырудың күшін жою туралы сот актілері;
2) іс өндірісін тоқтатуға байланысты үкімнің күшін жою туралы сот актілері;
3) сотталғанды сырқаттану салдарынан босату туралы сот актілері;
4) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;
5) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енген өкімімен қоса сот үкімінің көшірмесі;
6) аумақтық әділет органының сотталғанның қайтыс болғандығы туралы анықтамасы;
7) жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталғанның бақылау істері алынғандығы және Инспекцияға есепке қойылғандығы туралы хабарлама.

27. Сотталған адамды есептен шығару сот актісі келіп түскен күні жүзеге асырылады.

28. Сотталғанды есептен шығару күні осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІІО бөліністеріне, көші-қон полициясына, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шынайы әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқарма органына хабарлама жолданады.

29. Жазаны атқаруды кейінге қалдырудың күшін жоюға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот актілері негізінде, оларды алған күні жүргізіледі.

30. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналына және бақылау ісіне белгі жасалады. Есептен шығарылған сотталғандардың бақылау істері мұрағатқа жіберіледі.

31. Жаза өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа тұрғылықты жері бойынша хабарлама жолданады. Егер Инспекцияның тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орындау үшін жолданады.

Инспекция бастығының қолы қойылып, мөрмен расталған бақылау істер тапсырыс пошта арқылы сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекцияның сұраухаты бойынша жолданады. Сотталғандардың жаза өтеуінің жаңа тұрғылықты жері бойынша Инспекция бақылау істерді алғандығы жөнінде құжат жолдаған Инспекцияға тез арада растау жолдайды.

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 1-қосымша

Нысан

Б Е К І Т Е М І Н

_________________ төрағасы

(соттың атауы)

____________________

(тегі, аты-жөні)

20 ___ жылғы "____"_________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша ____________________**

**(аудан, қала)**

**қылмыстық-атқару инспекциясына орындауға келіп түскен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандардың үкімдерін**

**САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Рет № | Сотталғанның тегі, аты-жөні, туған күні мен жылы | ҚР ҚК-нің бабы | Үкімді шығарған күні | Жазалау шарасы | Үкімнің заңды күшіне енген күні | Есептен шығару күні | Соттың үкімді Инспекцияға жолдаған күні | Үкімнің Инспекцияға келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

______________________ кеңсесінің басшысы

(соттың атауы)

_________________________ ______________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "____"_________

______________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(органның атауы)

_________________________ ______________

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20___ жылғы "____"_________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 2-қосымша

Нысан

Б Е К І Т Е М І Н

______________ облысы бойынша

ҚСжАЕКБ бастығы _____________
(тегі, аты-жөні)
20 ___ жылғы "____"_________

**20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға шығарылған хабарламалар мен Н-1 алфавиттік есепке алу карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| Рет.№ | Тегі, аты-жөні | Туған күні мен жылы | Қашан және кандай сотпен сотталған | Хабарламалар мен карточканың келіп түскен күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Салыстыра тексеру актісін құрастырған:**

______________ облысы бойынша ҚСжАЕКБ бөлімінің прокуроры

__________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "___"_________

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) (органның атауы)

__________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "___"_________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 3-қосымша

Нысан

**20__ жылдың _____ ішіндегі іздестірудегі сотталған адамдар бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

| | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіру | | Ескертпе |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруде тұрған сотталған адамдардың саны | жарияланған сотталған адамдардың саны | Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруден алынған сотталған адамдардың саны | |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Салыстыра тексеру жүргізгендер:
__________________________
(органның атауы)
____________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
______________________________ _____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
____________________ бастығы
(жедел іздестіру бөлінісінің атауы)
________________________________________ ________________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 4-қосымша
Нысан

## 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандарға шығарылған күзет карточкалары бойынша САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

| Есеп беру кезеңінің соңында Инспекциясының есебінде тұрғандардың саны | Құжаттандыру және тіркеу бөлімінде шығарылған күзет карточкаларының саны | 20__ жылдың _____ тоқсаны бойынша есептен шығарылған сотталғандардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Салыстыра тексеру жүргізгендер:
____________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)
______________________________ _____________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
______________________________________ бөлім (бөлімше) бастығы
(көші-қон полиция бөлінісінің атауы)

__________________________ ______________
(тегі, аты-жөні) (қолы)
20___ жылғы "____"_________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 5-қосымша
Нысан
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
____________________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

**Жаза өтеуін кейінге қалдыру қолданылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерді есепке алу**
**ЖУРНАЛЫ**

20__ жылғы "___"________ басталды:
20__ жылғы "___"________ аяқталды:
Сақталу мерзімі ________
(ішкі мазмұны)

| Рет. № | Тегі, аты жөні туған жылы | Тұратын жері | Қашан, қай сот нешінші баппен сотталды | Үкімнің заңды күшіне енген күні | Қай мерзімге жазаның орындалуы кейінгіге қалдырылды | Есепке қойылған күні | Мерзімнің аяқталу күні | Есептен шығарылған күні мен негіздемесі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 6-қосымша
Нысан

**сот актісін орындауға қабылдау туралы**
**ХАБАРЛАМА**

______________________________
(сот атауы,

____________________________
оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _______________ бабы бойынша сотталған _
_______________________________________________________________

(тегі, аты-жөні және туған жылы) _________________________________ сотының 20 _ жылғы "____"_________ үкімнің көшірмесі 20 _ жылғы "___"__________ алынғанын және атқаруға қабылданғанын хабарлаймыз

Сотталған _____________________________________________________________
мінез-құлқы бақылауға қойылды

__________________________

(орган атауы) ___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

______________________ ____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 7-қосымша

Нысан

## БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы_____________________________________________
(күні, жаза түрі)

Тегі, аты-жөні__________________________________________________

Есепке алынды ________________________________________________

Бақылау іс №____________________________________________

Карточканы толтырған ____________________________________________

__________________________

(орган атауы) ___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

______________________ ____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі

нұсқаулығына 8-қосымша
Нысан

## КҮЗЕТ КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы 20 _ жылғы "___"________________________
Жаза мерзімінің өзгеруі туралы белгі ______________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы және жері, тұрғылықты жері)
20 _ жылғы "___"__________ сотталды.
____________________________________________________________________
(сот атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ______ бабына сәйкес__________________
(жазаны орындауды
____________________________________________________________________
кейінге қалдыру мерзімі)
Сотталғанның тұрғылықты жерінің тіркелу есебінен шығару бойынша өтінген кезде тез арада Инспекцияға ______________________ мына телефон (инспекция атауы)
___________ арқылы хабарлансын.
20_ жылғы "___"__________ тіркелу есебінен шығарылды
20_ жылғы "___"__________ Инспекцияға хабарланды
_________________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 9-қосымша
Нысан
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
_________________________________________________________________
(аумақтық органның атауы)

**№ ____ Бақылау ісі**

**_____________________________________________________________**

**(жазаны өтеуді кейінге қалдыруға сотталған,**

**___________________________________________________________________**

**тегі, аты-жөні, туған жылы)**

**___________________________________________________________________**

**______________________________________________________**

**20__ жылғы "___"_______ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ___ бабы бойынша ____ мерзімге сотталды**

20_ жылғы "__"__________ есепке алынды
20_ жылғы "__"______ есептен шығарылды
Істегі парақтар саны: _______________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 10-қосымша
Нысан

## ҚОЛХАТ

Мен, ____________________________________________________________
(тегі, аты-жөні, туған жылы,
________________________________________________________________
тұрғылықты жері, телефоны)
20__жылғы "___"______________________________________________ сотымен
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің _______ бойынша _______________
(жаза мерзімі,
_________________________________________________________________
жазаны өтеуді кейінге қалдыру)
сотталдым.

Жазаны өтеу тәртібімен таныстым және міндеттенемін:
- қоғамдық тәртіпті бұзбауға;
- баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтармауға;
- баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға қалдырмауға;
- Инспекция бақылауынан жалтармауға;
- баланы тәрбиелеуден жалтаруын куәландыратын өзге де іс-әрекет

жасамауға;
- Инспекцияның шақыруына келуге;
- Инспекцияға хабарлаусыз тұрғылықты жерімді ауыстырмауға;
- жұмыс орнынан шығарылғаны туралы хабарлауға.

Инспекция бақылауынан жасырынғаны үшін жауапкершілікке тартылатынымды және қойылған талаптарды орындамаған жағдайда жазаны кейінге қалдырудың күші жойылатыны немесе алмастырылатыны жөнінде ескертілдім.

20___жылғы "___"________ ____________________
(сотталғанның қолы)

Тілхатты алған
___________________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
____________________ _____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 11-қосымша

Нысан

Әскери басқару жергілікті орган
_____________________________
_____________________________
(ӘБЖО атауы)

## ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын__________________________________________
(тегі, аты-жөні)
19_жылғы "____"_________ туылған, тұрғылықты жері___________________
______________________________________________________________________
20_жылғы "__"_________
сотталған_____________________________________________________________
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің __________________________ бабы бойынша

______________________________________________________________

(түрі және жаза мерзімі)

Инспекция есебінен шығарылғаны қосымша хабарланады.

________________________

(орган атауы)

________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

________________________ ____________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 12-қосымша

Нысан

_________________________________

(ұйымның атауы)

_________________________________

(басшының тегі, аты-жөні)

**Хабарлама**

____________________________________________ үкіміне сәйкес

(соттың атауы)

азамат(ша) _____________________________________________________

______________________________________________________________

(лауазымы, жұмыс орны)

20_ жылғы "___"_______ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ____ бабына сәйкес__ ____ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кесілді және Қазақстан Республикасы ҚК-нің____ бабына сәйкес _____ жыл ________________________

_________________________

(жаза түрі көрсетілсін)

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, ___________________ барлық еңбек тәртіп бұзушылықтары және оған тәртіптік жаза қолданғаны туралы есепте тұрған _____________________ қылмыстық-атқару инспекциясын хабардар етуіңізді сұраймын.

________________________

(орган атауы)

_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 13-қосымша
Нысан

**Жазаны орындау мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы ескерту**

Мен, _______________________________________ қылмыстық-атқару
(жергілікті органның атауы)
инспекциясының _______________________________ 20_ жылғы "___"_____
(лауазымы, тегі, аты-жөні)
сотталған ____________________________
(тегі, аты-жөні)
_________________________________________________________________
(сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан, баланы тәрбиелеуден
_________________________________________________________________
немесе қараудан бас тартудың, қашан, қай кезде қоғамдық тәртіпті бұзды,
_________________________________________________________________
ол үшін қандай әкімшілік жауапқа тартылғандығының нақты фактілері көрсетіледі)
үшін инспекцияға шақырдым.

Көрсетілгеннің негізінде және Қазақстан Республикасы ҚАК-ның 29, 42, 172, 184-баптарын басшылыққа алып, сотталған __________ сот жүктеген міндеттерін атқармауын жалғастырған немесе қайталап қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда оған осы жазаның күші жойылуы немесе ауыстырылуы мүмкін екендігі ескертілді.

_________________________
(орган атауы)
___________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Осы ескерту маған жарияланды ______________________________
(сотталғанның қолы)
20__ жылғы "___"__________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 14-қосымша
Нысан

______________________________
(соттың атауы)

## ҰСЫНЫМ

Мен,____________________________________________________________
(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)
____________________________________________________________
(аймақтық органның атауы)
материалдарды қарап ____________________________________________
(аты-жөні, туған жері және жылы)
сотталғанға 20__жылғы "___" ______________________________________
(сот атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабы бойынша
____________________________________________________________
(жаза мерзімі және түрі)
20__жылғы "___"__________ бастап Инспекция есебінде тұратын

## АНЫҚТАДЫМ:

____________________________________________________________
(сотталғанның түрі мен шешілетін сұрағына және санатына байланысты көрсетіледі:
____________________________________________________________
ұсыным шығарылған кезеңдегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі, сотталғанның
____________________________________________________________
мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, оған сот жүктеген міндеттерді орындауын, баланы
____________________________________________________________
тәрбиелеу мен оған қарау міндеттерін, қашан және қандай жазаны өтеу тәртібінің бұзылғаны,

_______________________________________________________________

қоғамдық тәртіптің, алып келулер, ескертулер инспекциямен қашан шығарылған,

_______________________________________________________________

сотталғанның денсаулығы жайында, мүгедектік тобын анықтау, психикасының бұзылуының

_______________________________________________________________

немесе басқа ауыр ауруының болуы, жүктілік және босану демалысының берілген мерзімдері,

_______________________________________________________________

ал тұрғылықты жері белгісіз адамдарға, Инспекция бақылауынан және жазаны өтеуден жалтару

_______________________________________________________________

мақсатында бой тасалаған және де бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі)

Жоғарыда айтылған жәйттардың негізінде және Қазақстан Республикасы ҚК-нің ____________________________________________ басшылыққа ала

(Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы көрсетіледі)

отырып, _______________________________________________________

(соттың атауы)

сотталған _____________________________________________________

(аты-жөні)

_______________________________________________________________

(босатылуы, жаза өткеру мерзімін кейінге

_______________________________________________________________

қалдырудың күшін жою, сотталған әйелді түзеу мекемесіне қайтару) сотқа мәселені шешу үшін құжаттарды жолдауға мақсатты деп санаймын.

Қосымша __________ парақта.

М.О.

_________________________

(орган атауы)

________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _________

__________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 15-қосымша

Нысан

______________________________ бастығына
(ІІО немесе қамқорлық жасау органына)

_______________________________________
(тегі, аты жөні)

**ХАБАРЛАМА**

Мына тұрғылықты жерде ____________________________________
20__жылғы "___"________ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабы бойынша ________________________________________________________
(жаза түрі және мерзімі, сотталған туралы қосымша мәліметтер,
_________________________________________________________________
сот жүктеген міндеттер, бұрынғы сотталғандығы және басқалар)
кәмелетке толмаған сотталған ________________________________ тұрады.
(тегі, аты-жөні)
Осыған байланысты, кәмелетке толмаған
_________________________________________________________________
(тегі, аты-жөні)
мінез-құлқы және онымен өткізілген тәрбие жұмысы жөнінде Инспекцияны ақпараттандыруыңызды сұраймын.

______________________________
(орган атауы)
_______________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
_________________________ ______________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________

Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 16-қосымша

Нысан

_________________________ бастығына
__________________________________
(тегі, аты жөні)

**ХАБАРЛАМА**

Азамат(ша) _________________________________________________
(тегі, аты-жөні және туған жері)
_________________________________________________________________

(тұрғылықты жері)
20__ жылғы "___"________________________________________________
(қай сотпен сотталған, жаза түрі)
Қазақстан Республикасы ҚК-нің ________ бабымен сотталған ҚАИ есебінен ____
___________________ шығарылды
(есептен шығару негіздемесі)

__________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
______________________ ____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Жазасын атқаруды кейінге қалдыра отырып сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына 17-қосымша
Нысан
Жергілікті әскери басқару органы

________________________________
________________________________
(ЖӘБО атауы)

**ХАБАРЛАМА**
**Әскери есепте тұратын____________________________________________**
**(тегі, аты-жөні)**

19_жылғы "___"______ туылған, мына жерде тұратын ___________________
20_жылғы "___"_________ осыған байланысты Инспекция есебінен шығарылған
_________________________________________________________
(есептен шығарылған шығару негіздемесі)
____________________________________________________________________

__________________________
(орган атауы)
_________________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
______________________ ____________
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__ жылғы "___" __________
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің

2012 жылғы 14 наурыздағы
№ 141 бұйрығына
7-қосымша

# Жаза өтеуден жалтарғандарға, жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде келмегендерге, тұрғылықты жерін, жұмыс немесе оқу орындарын өз бетінше тастап кеткендерге қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізуді жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жаза өтеуден жалтарғандарға, жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармағандарға, тұрғылықты жерінен, жұмыс немесе оқу орындарынан өз бетінше кетіп қалғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізуді жүзеге асыру бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҚАК) 36-бабына сәйкес әзірленді және түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібін Жаза өтеуден жалтарғандарға, жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармағандарға, тұрғылықты жерінен, жұмыс немесе оқу орындарынан өз бетінше кетіп қалғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізуді жүзеге асыру бойынша мәселелерді нақтылайды.

2. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеуші адамдарға, сондай-ақ жазасын орындауды кейінге қалдыруға сотталғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шаралары облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі - Инспекциялар) жүзеге асырады.

3. Іздестіру бойынша бастапқы іздестіру іс-шаралары жүргізу кезінде Инспекция қызметкері:

1) сотталғанның байланыстары және оның ықтимал орналасқан жері туралы мәліметтер мәлім болуы мүмкін немесе сотталғанды іздестіруге мүмкіндік туғызуы мүмкін өзге де деректер туралы туыстарынан, көршілерінен және басқа да азаматтардан сұрау жүргізеді;

2) сотталғанның жұмыс жасаған ұйымы, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органы арқылы оның ықтимал орналасқан жері, мекенжай анықтамалық бюросы

арқылы тіркелген орнын, нақты тұрғылықты жерін анықтайды;

3) ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ІІО) есептері бойынша қамауға алынғандардың, сотталушылардың, тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-тарату орындарында ұсталғандардың арасында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, оңалту және бейімделу орталығында, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалардың, жазатайым оқиғаларды тіркеу бюроларының есептері бойынша бой тасалаған адамды анықтау мақсатында тексеруді жүзеге асырады;

4) іздестірудегіні оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша анықтау үшін ІІО-ға және басқа аймақтардың Инспекцияларына сұрау хат жолдайды.

4. Егер бастапқы іздестіру іс-шаралары нәтижесінде сотталғанның орналасқан жері анықталмаған жағдайда, осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инспекция іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану мәселесін қоя отырып, соттың үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыруды өзгерту, қоғамдық және түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеуге, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды сотқа жолдайды.

5. Өзгерту және ауыстыру, іздестіру туралы ұсынымға үкімнің көшірмесі, үкім заңды күшіне енгендігі туралы анықтама, алғашқы іздестіру іс-шараларының көшірмелері, жазаның өтелмеген мерзімі туралы анықтама қоса беріледі. Материалдың бір данасы шешім қабылдау үшін сотқа жолданады, материалдың екінші данасы сотталғанның ісіне тігіледі.

6. Сотталғанды іздестіруге жариялау туралы сот қаулысын алған күні, одан әрі іздестіру үшін бастапқы іздестіру іс-шаралары материалдарының көшірмелері ІІО-ның криминалдық полиция қызметіне жолданады.

7. Сотталғанның тұрғылықты жерін анықтаған соң, Инспекция оған қатысты іздестіруді тоқтату туралы мәселені қоя отырып, соттың үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыру, қоғамдық және түзеу жұмыстарын бас бостандығынан шектеуге, қамауға алуға немесе бас бостандығынан айыруға ауыстыру, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды сотқа жолдайды.

Жаза өтеуден жалтарғандарға, жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде келмегендерге, тұрғылықты жерін, жұмыс немесе оқу орындарын өз бетінше тастап кеткендерге қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын

және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізуді жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығына қосымша

______________________________
(соттың атауы)

## ҰСЫНЫМ

Мен,___________________________________________________________
(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

___________________________________________________________________
(аймақтық органның атауы)

материалдарды қарап ______________________________________________
(аты-жөні, туған жері және жылы)

сотталғанға 20_ жылғы "___"______________________________________
(сот атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _________________________ бабы бойынша

____________________________________________________________
(жаза мерзімі және түрі)

20___жылғы "___"__________бастап Инспекция есебінде тұратын,

## АНЫҚТАДЫМ:

___________________________________________________________________

(сотталғанның түрі мен шешілетін сұрағына және санатына байланысты көрсетіледі:

___________________________________________________________________

ұсыным шығарылған кезеңдегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі, сотталғанның

___________________________________________________________________

мінез-құлқын, еңбекке көзқарасын, оған сот жүктеген міндеттерді орындауын, баланы

___________________________________________________________________

тәрбиелеу мен оған қарау міндеттерін, қашан және қандай жазаны өтеу тәртібінің бұзылғаны,

___________________________________________________________________

қоғамдық тәртіптің, алып келулер, ескертулер инспекциямен қашан шығарылған,

___________________________________________________________________

сотталғанның денсаулығы жайында, мүгедектік тобын анықтау, психикасының бұзылуының

___________________________________________________________________________

немесе басқа ауыр ауруының болуы, жүктілік және босану демалысының берілген мерзімдері,

___________________________________________________________________________

ал тұрғылықты жері белгісіз бастапқы, Инспекция бақылауынан және жазаны өтеуден жалтару

___________________________________________________________________________

мақсатында бой тасалаған және де бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі)

Жоғарыда айтылған жәйттардың негізінде және Қазақстан Республикасы ҚК-нің ___________________________ басшылыққа ала

(Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы көрсетіледі)

отырып, ______________________________________________________

(соттың атауы)

сотталған ____________________________________________________

(аты-жөні)

___________________________________________________________________________

(түзеу немесе қоғамдық жұмыстарын бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға

___________________________________________________________________________

алмастыру туралы, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға

___________________________________________________________________________

алмастыру туралы, шартты түрде сотталғанның немесе жазаны орындауды мерзімін кейінге

___________________________________________________________________________

қалдырудың күшін жою туралы)

сотқа мәселені шешу үшін құжаттарды жолдауға мақсатты деп санаймын.

Қосымша __________ парақта.

М.О.

___________________________

(орган атауы)

_______________________ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_________________________ ______________

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _________

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2012 жылғы 14 наурыздағы
№ 141 бұйрығына
8-қосымша

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қылмыстық-атқару инспекцияларының мемлекеттік наградаларды және оларға қоса берілген құжаттарын алып қою ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 6 шілдедегі № 186 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4790 болып тіркелген).

2. "Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шаралары және шартты сотталған адамдарға бақылау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 172 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6053 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2010 жылғы 30 ақпандағы № 9 санында жарияланған), 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап күшін жояды.

3. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармағының 11) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6745 болып тіркелген, "Казахстанская правда" 2011 жылғы 1 наурыздағы № 74-75 (26495-26496), "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 15 ақпандағы № 46-47 (26449) газеттерінің, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2011 жылғы № 7 сандарында жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК